

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2026 жылғы «7» тамыздағы
№ 702 қаулысымен
бекітілген

**«Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу
университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының
2026 – 2030 жылдарға арналған
даму бағдарламасы**

Мазмұны

1-бөлім	«Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2026 – 2030 жылдарға арналған даму бағдарламасының паспорты	3
2-бөлім	Кіріспе (қысқаша аңдатпа және даму бағдарламасының мақсаты)	5
3-бөлім	«Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ағымдағы жай-күйіне, оның ішінде жетістіктеріне, проблемалары мен сын-қатерлеріне шолу	6
3.1-кіші бөлім	Ағымдағы жай-күйді талдау	6
3.2-кіші бөлім	Трендтер мен сын-қатерлерді талдау	26
3.3-кіші бөлім	Даму болжамы және ықтимал даму сценарийлері мен олардың «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына әсерін айқындау	30
4-бөлім	Бағдарламаның пайымы, миссиясы және құндылықтары	33
5-бөлім	«Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының стратегиялық басымдықтары	35
5.1-кіші бөлім	Академиялық қызмет	35
5.2-кіші бөлім	Ғылыми қызмет	36
5.3-кіші бөлім	Цифрлық трансформация және жаһандық академиялық серіктестік	37
5.4-кіші бөлім	«Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының үшінші миссиясы	38
5.5-кіші бөлім	«Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының инфрақұрылымы	40
6-бөлім	Бағдарламаның қойылған мақсатына қол жеткізу жолдары	41
7-бөлім	Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелердің сипаттамасы	43
8-бөлім	Бағдарламаны іске асыру прогресін мониторингтеу және бағалау	43

1-бөлім. «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2026 – 2030 жылдарға арналған даму бағдарламасының паспорты

Бағдарламаның атауы	«Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ҚАТЗУ, университет) 2026 – 2030 жылдарға арналған даму бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздемелер	1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; 2) «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; 3) «Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 16 қыркүйектегі № 353 Жарлығы; 4) «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығы; 5) «Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 658 Жарлығы; 6) «Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 13 қазандағы № 1042 Жарлығы; 7) «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысы; 8) «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы; 9) «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының даму бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан

	Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 25 қазандағы № 590 бұйрығы; 10) «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КеАҚ-тың (бұдан әрі – «ҰАҒБО») 2024 – 2030 жылдарға арналған даму стратегиясы («ҰАҒБО» Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 30 сәуірдегі № 06/24 шешімімен бекітілген)
Бағдарламаны әзірлеуші	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – ҚР АШМ) Бағдарламаны ҚАТЗУ басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылары қатарынан құрылған бірлескен жұмыс тобы әзірледі, университет ғылыми кеңесінің (2026 жылғы 26 ақпандағы № 9 хаттама) және директорлар кеңесінің (2026 жылғы 17 наурыздағы № 3/26 хаттама) шешімімен мақұлданды
Бағдарламаның мақсаттары	ҚАТЗУ-да әлемдік және өңірлік контекстке интеграцияланған заманауи академиялық және зерттеу экожүйесін қалыптастыру, университетті аграрлық секторды заманауи сын-қатерлерге дайын кадрлармен қамтамасыз ететін және ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (бұдан әрі – ҒЗТКЖ) білім беру процесіне терең интеграциялайтын технологиялық басымдықтар орталығына трансформациялау
Бағдарламаның міндеттері	1) сапалы қолжетімді білім беру жүйесін құру; 2) ғылыми-зерттеу қызметін дамыту, білім беруді, ғылымды, өндіріс пен бизнес-құрылымдарды интеграциялау; 3) серіктестік ынтымақтастықты кеңейту және университеттік білім берудің перспективалы моделін қалыптастыру; 4) Университеттің ұлттық және әлемдік ғылым мен жоғары білім жүйесіндегі позицияларын нығайту және жетілдіру; 5) Университеттің инфрақұрылымын дамыту, материалдық-техникалық базасын нығайту және жетілдіру
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері	2026 – 2030 жылдар
Қаржыландыру көздері	Республикалық бюджет қаражаты, ҚАТЗУ-дың меншікті қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер

2-бөлім. Кіріспе (қысқаша аңдатпа және даму бағдарламасының мақсаты)

Осы «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-тың 2026 – 2030 жылдарға арналған даму бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) жоғары оқу орнының (бұдан әр – жоо) әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне трансформациялану векторын айқындайтын стратегиялық құжат болып табылады, 2020 – 2024 жылдарға арналған стратегияның қисынды жалғасы ретінде әзірленді. Өткен кезеңде ҚАТЗУ зерттеу университеті мәртебесін табысты растап, халықаралық рейтингтерде өз позицияларын нығайтты.

ҚАТЗУ-дың бірегейлігі оның Қазақстанның аграрлық саласының басты стратегиялық зияткерлік орталығы ретіндегі рөліне негізделеді. Классикалық жоо-дан айырмашылығы, ҚАТЗУ-дың қуатты ғылыми базасы және университеттің ғылыми-білім беру контурына интеграцияланған ҰАҒБО ведомстволық бағынысты ұйымдарының («А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС (бұдан әрі – А.И. Бараев атындағы АШҒӨО), Солтүстік-Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ЖШС (бұдан әрі – Солтүстік Қазақстан АШҒЗИ) және т.б.) бірегей тәжірибелік шаруашылықтар желісі, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі – АӨК), биологиялық, экологиялық және басқа да бейіндегі ғылыми-зерттеу институттары бар. Бұл зертханадағы іргелі зерттеуден бастап, дайын технологияларды тікелей алқапқа енгізуге дейінгі инновациялардың толық циклін қамтамасыз етеді. Университет жоғары технологиялық және цифрлық ауыл шаруашылығы жағдайында жұмыс істеуге қабілетті жаңа буын мамандарын даярлайды.

Бағдарлама академиялық ғылым мен нақты өндіріс арасындағы институционалдық алшақтықты жоюға бағытталған. Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру, білім алушыларды зерттеу жобаларына терең интеграциялау және халықаралық серіктестікті кеңейту негізгі басымдықтарға айналуға. Бағдарламаны әзірлеу еліміздің Ұлттық даму жоспарында қойылған, Мемлекет басшысының агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша жолдауларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларында, Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында, «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған міндеттерді ескере отырып жүзеге асырылды.

Білімнің, ғылымның, өндіріс пен бизнес-құрылымдардың интеграциясы ұлттық экономиканың дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың шешуші факторы, сондай-ақ білім экономикасының орнықты дамуының сыни факторы болып табылады. Әлемдік озық тәжірибе көрсеткендей, интеграцияланған ғылыми-білім беру ресурстары еңбек нарығында сұранысқа ие жоғары білікті мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді, ал өндірістегі жаңа білімге негізделген технологиялық өзгерістер елдің экономикалық өсуіне ықпал етеді.

Бағдарламаның мақсаттары: ҚАТЗУ-да әлемдік және өңірлік контекстке

интеграцияланған заманауи академиялық және зерттеу экожүйесін қалыптастыру, университетті аграрлық секторды заманауи сын-қатерлерге дайын кадрлармен қамтамасыз ететін және ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (бұдан әрі – ҒЗТҚЖ) білім беру процесіне терең интеграциялайтын технологиялық басымдықтар орталығына трансформациялау.

Бағдарлама ҚАТЗУ-ды реформалаудың негізгі тәсілдері мен бағыттарын, қажетті ресурстарды және күтілетін нәтижелерді сипаттайды. Бағдарламаны іске асыру аясында оның базасында қызметінің тиімділігі жағынан жетекші шетелдік университеттерден кем түспейтін АӨК саласындағы заманауи зерттеу университетін құру мақсатында ҚАТЗУ-дың ғылыми-зерттеу, білім беру және инновациялық қызметін терең жаңғырту, инфрақұрылымы мен институционалдық ортасын дамыту бойынша іс-шаралар кешенін іске асыру жоспарлануда.

3-бөлім. «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ағымдағы жай-күйіне, оның ішінде жетістіктеріне, проблемалары мен сын-қатерлеріне шолу

3.1-кіші бөлім. Ағымдағы жай-күйді талдау

ҚАТЗУ – Орталық және Солтүстік Қазақстанның ірі аграрлық жоо, Астана қаласындағы алғашқы жоғары оқу орны, 1957 жылы Ақмола ауыл шаруашылығы институты ретінде негізі қаланған (КСРО Министрлер Кеңесінің 1957 жылғы 3 қазандағы № 1176 қаулысы). Бүгінгі таңда ҚАТЗУ – өзінің 70 жылға жуық бай тарихы, танылған ғылыми мектептері, терең білім беру дәстүрлері бар көпбейінді университет.

ҚАТЗУ құрамында 7 институт жұмыс істейді:

- 1) ауыл және орман шаруашылығы институты;
- 2) жануарлар туралы ғылым және ветеринария институты;
- 3) инжиниринг және тамақ технологиялары институты;
- 4) энергетика институты;
- 5) жер ресурстары және сәулет институты;
- 6) бизнес және цифрлық технологиялар институты;
- 7) гуманитарлық-педагогикалық ғылымдар институты.

ҚАТЗУ-да 32 ғылыми зертхана мен ғылыми-зерттеу орталықтары жұмыс істейді. Бакалавриаттың, магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары табысты аккредиттелген.

ҚАТЗУ халықаралық деңгейдегі зерттеу аграрлық университеті ретінде реформалануға 2013 жылы кірісті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі № 545 қаулысымен Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне зерттеу университеті мәртебесі беріліп, оның 2020 – 2024 жылдарға арналған даму бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаның мақсаты ҚАТЗУ базасында «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы мен ауыл шаруашылығы саласындағы әлемдік жетекші зерттеу университеттерінің моделі бойынша зерттеу университетін құру болды.

2020 – 2024 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру шеңберінде қызметінің нәтижелері бойынша жетекші шетелдік университеттерден кем түспейтін АӨК саласындағы заманауи зерттеу университетін құру мақсатында ҚАТЗУ-дың ғылыми-зерттеу, білім беру және инновациялық қызметін терең жаңғырту, инфрақұрылымы мен институционалдық ортасын дамыту бойынша іс-шаралар кешені іске асырылды.

2020 – 2024 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру аясында ғылыми-зерттеу және академиялық қызметті жаңғырту жүзеге асырылды. Сонымен қатар күрделі шығындарды нысаналы бюджеттік қаржыландырудың шектеулі болуына байланысты, бірқатар көп капиталды қажет ететін инфрақұрылымдық жобалар жоспарлы 2026 – 2030 жылдар кезеңіне ауыстырылды, олардың қатарына мыналар жатады:

- 1) білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі – ПОК) сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламаларын кең ауқымда қолдану;
- 2) жаңа ғылыми-білім беру мен өндірістік инфрақұрылымды құру және қолданыстағысын жаңғырту;
- 3) жаңа инфрақұрылым объектілерін, оның ішінде:

Астана қаласында GLP және BSL стандарттарына сәйкес жабдықталған өндірістік-эксперименттік цехтар мен ғылыми-зерттеу зертханаларын орналастыру үшін халықаралық стандарттарға сай келетін жаңа оқу-зертханалық кешенін;

жүзу бассейні, жаттығу залы, бокс және күрес залдары, спорттың ойын түрлеріне арналған үй-жайлары бар спорт кешенін салу.

Жаһандық технологиялық сын-қатерлер мен климаттық өзгерістерге ден қою қажеттілігі ҚАТЗУ-дың академиялық басымдыққа, цифрландыруға, ғылымды интернационалдандыруға және инновацияларды коммерцияландыруға қол жеткізуге шоғырланған жаңа даму бағдарламасын әзірлеуге негіз болды.

ҚАТЗУ-дың соңғы жылдардағы зерттеу университеті мәртебесіндегі негізгі жетістіктері қызмет бағыттары бойынша келесідей жоғары көрсеткіштермен айқындалады: QS World University Rankings 2025 рейтингінде ҚАТЗУ әлемдік университеттер рейтингінің ең үздік 1201+ қатарына енді. QS Asia University Rankings 2025 рейтингінде университет 281-орынды иеленіп, Орталық Азияның ең үздік 20 университетінің қатарына кіреді және 16-орында тұр.


2023 жылы ҚАТЗУ алғаш рет британдық беделді Quacquarelli Symonds (QS) рейтингтік агенттігінің аудитінен өтті, нәтижесінде жоо жалпы жоғары баға – 4 жұлдызға ие болды. Ұсынылған санаттар бойынша жоғары балл халықаралық беделді, жоғары білікті оқытушылар құрамын, сондай-ақ күрделі зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ҚАТЗУ-дың озық технологиялық және білім беру мүмкіндіктерін растайды.

2025 жылы ҚАТЗУ Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) Орнықты даму мақсаттарына (бұдан әрі – ОДМ) қол жеткізуге қосқан үлесін көрсететін беделді халықаралық Times Higher Education (THE) Impact Rankings 2025 рейтингіне алғаш рет енді. Бұл ретте университет аталған жаһандық рейтингке қатысқан Қазақстандағы алғашқы аграрлық университеттердің бірі

болды. THE Impact Rankings университеттерді жаһандық өлшемшарттар бойынша, оның ішінде қоғамға қосқан үлесі, орның, инклюзивтілік, серіктестік және білім беру сапасы бойынша бағалайды.

Университет 2025 жылғы рейтингтік циклде 1501 + позициясын алды. Бұл ретте «Аштықты жою» ОДМ көрсеткіші бойынша ҚАТЗУ 401-600, «Жердегі өмір» көрсеткіші бойынша 601-800, ал «Лайықты еңбек және экономикалық өсу» және «Өнеркәсіп, инновация және инфрақұрылым» көрсеткіштері бойынша 801-1000 үздік университеттер қатарына кірді (1-кесте).

1-кесте. ҚАТЗУ-дың 2025 жылғы рейтингтік циклі

	QS Stars рейтингі (2023) – қорытынды баға: 4 жұлдыз
	QS World University Rankings (2025) – әлемнің ең үздік 1201+ университетінің қатарына ену
	QS Asia University Rankings (2025) – Азияда 281-орын (Орталық Азия бойынша 16-орын)
	QS Environmental World Sustainability Rankings (2024) – 535-орын
	THE Impact Rankings (2025) – 1501+ позиция (БҰҰ ОДМ-на қол жеткізуге қосқан үлес)
	UI Green Metric World University Rankings (2025) – 1063-орын

ҚАТЗУ бірнеше жыл қатарынан елдегі ең үздік 3 жоғары оқу орнының қатарына нық еніп, Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінің рейтингінде орнықты позицияларын көрсетіп келеді (2-кесте).

2-кесте. Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінің ҚАТЗУ-дың білім беру бағдарламаларының топтары бойынша рейтингі, орындар бойынша бірліктерде

Жыл дар	1-орын			2-орын			3-орын			ЖИЫНЫ			БАРЛ ЫҒЫ ТОП- 3
	бак ала ври ат	маги стра тура	докт оран тура	бак ала ври ат	маг ист рат ура	докт оран тура	бак ала ври ат	маг ист рат ура	докт оран тура	бак ала ври ат	маг ист рат ура	док тор ант ура	
2020	4	7	7	7	7	10	6	5	2	17	19	19	55
2021	5	16	9	7	3	9	5	3	2	17	22	20	59
2022	7	17	13	5	4	5	4	0	2	16	21	20	57
2023	4	16	12	10	3	6	3	1	1	17	20	19	56
2024	9	13	12	5	4	7	5	2	2	19	19	21	59
2025	5	14	11	9	3	8	1	5	1	15	22	20	57

Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі (АРТА) қалыптастыратын Қазақстан Республикасы жоо-ның ТОП-20 ұлттық бас рейтингінде ҚАТЗУ 2025 жылдың қорытындысы бойынша отандық жоғары білім беру көшбасшыларының бірі мәртебесін бекіте отырып, құрметті 3-орынды иеленді. Университет аграрлық ғылымды дамытуға қосқан зор үлесі үшін «Agricultural

University Award» мамандандырылған марапатына да ие болды.

Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі әзірлеген бұл рейтинг жоғары оқу орындары қызметінің сапасын жан-жақты бағалауға бағытталған және IREG (Observatory on Academic Ranking and Excellence) халықаралық әдіснамалық стандарттарына негізделген. Рейтинг әдіснамасы Берлин қағидаттарын, соның ішінде ашықтық пен объективтілікті сақтайды, бұл бағалаудың жоғары стандарттарын растайды.

«Agricultural University Award» наградасы мамандарды даярлаудың жоғары деңгейін және университеттің аграрлық секторды дамытуға қосқан елеулі үлесін айғақтайды. Бұл жетістік білім алушылар мен оқытушылар үшін жаһандық білім беру және ғылыми кеңістікке интеграциялануға ықпал ете отырып, жаңа мүмкіндіктер ашады.

Университеттегі корпоративтік басқару ашықтық пен есептілік қағидаттарына сәйкес құрылған. Екі деңгейлі жүйе (директорлар кеңесі және басқарма), сондай-ақ негізгі қызмет бағыты оқыту стратегиясын, ғылыми зерттеулерді, әдістемелерді, ПОҚ, қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктерін айқындау болып табылатын алқалы органдар: ғалымдар кеңесі, ректорат, академиялық кеңес, ғылыми-техникалық кеңес және зерттеу әдебі жөніндегі кеңес және т.б. жұмыс істейді.

2023 жылы КРІ негізінде ҚАТЗУ ПОҚ, қызметкерлері жұмысының нәтижелілігін бағалаудың жаңа жүйесі енгізілді.

Университеттің ПОҚ жоғары ғылыми әлеуеті мен ғылыми-педагогикалық өтілі бар тәжірибелі оқытушылардан, ғалымдар мен жоғары білікті мамандардан, білім, ғылым, мәдениет және спорт саласының еңбек сіңірген қайраткерлерінен құралған, ол 795 штаттық оқытушыдан тұрады, оның ішінде 60 ғылым докторы, 312 ғылым кандидаты, 105 PhD докторы бар. Штаттық оқытушылардың үлесі 83 %-ды құрайды және университеттегі білім беру қызметінің ұйымдастырушылық орнықтылығын қамтамасыз етеді. Оқытушылардың орташа жасы – 48 жас, ал ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы барлардың орташа жасы – 53 жас.

ҚАТЗУ-да «Жоо-ның үздік оқытушысы» атағын алған 129 иегер, «Үздік ғылыми қызметкер» атағын алған 3 иегер, мемлекеттік сыйлықтың 21 иегері және атаулы стипендияның 60 иегері жұмыс істейді. Университеттің үш оқытушысы «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының» бас рейтингіне енді.

ПОҚ мен қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру мақсаттарына қол жеткізуге жүйелі іс-шаралар ықпал етеді:

Шет тілдері деңгейін арттыру курстары. 2020 жылдан басталатын кезең халықаралық ҚАТЗУ-дың белсенділігінің артуымен сипатталады, бұл ПОҚ-ның Academic IELTS стандарттары бойынша жаппай сертификаттаудан өтуінің (150 адам) нәтижесі болды. Бұл халықаралық гранттар легін және білім беруді интернационалдандыру шеңберінде ағылшын тілінде оқытылатын пәндер үлесінің артуын қамтамасыз етті (3-кесте).

Халықаралық бағдарламалар бойынша оқыту. «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдік серіктес жоо-ның докторантурасына түскен ПОҚ пен ҚАТЗУ

ғалымдарының саны 2020 жылғы 2 адамнан 2024 жылы 36 адамға дейін 18 есеге өсті.

Шетелдік тағылымдамалар. Ғылыми, білім беру жобалары мен бағдарламалар шеңберінде шетелдік тағылымдамалар арқылы біліктілігін арттырудан өткен ғалымдар мен оқытушылар саны 2020 жылдан бастап 2024 жылға қарай 4 еседен астам өсті, бұл ҚАТЗУ-дың барлық ПОҚ-тың 10 %-дан астамын құрайды. Тағылымдамалар географиясы өте ауқымды және таяу шетелді (Ресей, Өзбекстан, Әзербайжан, Беларусь, Тәжікстан), Еуропаны (Германия, Ұлыбритания, Польша, Болгария, Нидерланды, Чехия, Литва, Португалия), Таяу және Орта Шығысты (Израиль, Түркия), Жапонияны, Америка Құрама Штаттарын (бұдан әрі – АҚШ) қамтиды.

3-кесте. ПОҚ-тың біліктілігін арттыру, адам

Р/с №	Көрсеткіштің атауы	2023 – 2024 оқу жылы	2024 – 2025 оқу жылы
	ПОҚ саны, барлығы	821	802
олардың ішінде біліктілікті арттырудан өтті:			
1.	Оқытылатын пәндер бейіні бойынша	766	750
2.	Инклюзивті білім беру бойынша	132	655
3.	Инновациялық әдістер бойынша	463	499
4.	Цифрландыру бойынша	342	350
5.	Халықаралық деңгейде	392	432
	БАРЛЫҒЫ:	2916	3488

Оқыту іс-шаралары. ҚАТЗУ-да заманауи оқыту және ғылыми зерттеу әдістеріне үйрету бағдарламалары іске асырылуда. 2020 жылдан бастап университет қызметкерлеріне арналған осындай іс-шаралар Францияның, Ресейдің, Түркияның, Италияның, АҚШ-тың және Германияның жетекші жоо профессорларының қатысуымен ұйымдастырылып келеді. Жобалар білім беру, кәсіби, жастар және спорт жобаларына қолдау көрсететін Еуропалық Одақтың бағдарламалары (бұдан әрі – Erasmus+) шеңберінде де, сондай-ақ БҰҰ Даму бағдарламасы, Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (бұдан әрі – ФАО) сияқты халықаралық ұйымдардың жәрдемдесуімен де іске асырылуда.

Әрі қарай университеттің академиялық қызметі қарастырылады. Академиялық даму аясында университет заманауи еңбек нарығының талаптарына жауап беретін бәсекеге қабілетті бітірушілерді сапалы даярлауды күшейту міндетін қойып отыр. Бұл міндеттің іске асырылуы білім алушылар контингенті өсуінің тұрақты динамикасымен бекітіледі, бұл университеттің білім беру бағдарламаларының сұранысқа ие екендігін және талапкерлер тарапынан сенімнің бар екендігін растайды. Оқытудың барлық деңгейінде білім алушылар санының жоспарлы түрде артуы жоо-ның еліміздің аграрлық саласын кадрлық қамтамасыз етуге ауқымды үлес қосуының негізін қалайды. 2020 – 2025 жылдар кезеңіндегі контингент серпіні төменде көрсетілген (4-кесте).

Даярлау деңгейлері бойынша контингент құрылымын талдау келесі үрдістерді анықтады:

Бакалавриат даярлықтың негізгі деңгейі болып табылады. 2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша білім алушылар саны 15852 адамға жетті, бұл 2020 жылғы деңгейден 35,6 %-ға артық. Негізгі өсім (3,5 мыңнан астам адам) соңғы оқу жылына тиесілі болды.

Магистратурада 2020 жылмен салыстырғанда жалпы 48 %-ға төмендегеніне қарамастан, 2024 – 2025 жылдар кезеңінде оң динамика байқалды (382-ден 434 адамға дейін өсім), бұл кадрлық әлеуеттің қалпына келе бастағанын көрсетеді.

Докторантура неғұрлым тұрақты 58 %-ға сапалы өсімді (154-тен 243 адамға дейін) көрсетіп отыр, бұл ҚАТЗУ-дың зерттеу университеті ретіндегі мәртебесін растайды.

4-кесте. Университеттегі білім алушылардың жалпы контингенті (2020 – 2025 жылдар), адам

Көрсеткіштер	Оқу жылдары						Динамика 2020/2025
	2020 – 2021	2021 – 2022	2022 – 2023	2023 – 2024	2024 – 2025	2025 – 2026	
Бакалавриат	11690	11100	10641	10746	12346	15852	+35,6 % (өсу)
Магистратура	837	565	396	378	382	434	-48,0 % (кему)
Докторантура	154	147	157	144	189	243	+58,0 % (өсу)
Барлығы	12681	11812	11194	11268	12917	16529	+30,3 % (өсу)
Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша	7608	7906	8156	8791	10447	12164	+60,0 % (өсу)

2024 және 2025 жылдардағы көрсеткіштерді салыстыру білім алушылардың жалпы контингентінің 28 %-ға (12917-ден 16529 адамға дейін) өскенін көрсетеді. Мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылар саны 2020 жылмен салыстырғанда 60 %-ға артып, 12164-ке жетті.

Бакалавриат (жоғары білім) бойынша білім алушылар контингентінің қалыптасуы 5-кестеде көрсетілген.

5-кесте. 2020 – 2025 жылдары бакалавриат бойынша 1-курсқа қабылданған білім алушылар саны (2020 – 2025 жылдар 1 қазандағы жағдай бойынша), адам

Жыл	Университет бойынша барлығы	Күндізгі оқу						
		Орта білім беру				Колледжден кейін		
		барлығы	мемлекеттік тапсырыс бойынша	жергілікті атқарушы органдардың гранттары	ақылы	барлығы	мемлекеттік тапсырыс бойынша	ақылы
2020	1970	1892	1195	0	697	78	10	68
2021	2491	2480	1730	0	750	11	-	11
2022	2746	2746	2111	10	625	-	-	-

2023	3275	3227	2469	15	743	48	-	48
2024	4737	4611	3604	1	1006	126		126
2025	6290	6105	3721	47	2337	185	39	146

Талдау көрсеткендей, бакалавриаттың 1-курсына қабылдау көлемі 2020 жылдан бастап (1970 адам) 3,2 есеге артып, 2025 жылы 6290 адамға жетті.

2023 – 2024 оқу жылында 1-курсқа білім алушыларды қабылдау 3227 адамды құрады, оның ішінде 2469 (77 %) білім алушы – мемлекеттік білім беру гранттары бойынша, 743 білім алушы – ақылы негізде, 7 білім алушы – Астана қаласының Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы бөлген әлеуметтік көмек есебінен, 8 білім алушы – «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қаражаты есебінен.

2024 – 2025 оқу жылына 1-курсқа білім алушыларды қабылдау 6290 адамды құрады, оның ішінде 3721 (59 %) білім алушы – мемлекеттік білім беру гранттары бойынша, 2337 білім алушы – ақылы негізде, 47 білім алушы – Астана қаласының Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы бөлген әлеуметтік көмек және «Қазақстан халқына» қорының қаражаты есебінен.

Магистратура және докторантура (жоғары оқу орнынан кейінгі білім) бойынша білім алушылар контингентінің қалыптасуы 6-кестеде көрсетілген.

6-кесте. 2020 – 2025 жылдар аралығындағы кезеңде қабылданған магистранттар мен докторанттардың саны (1 қазандағы жағдай бойынша), адам

Жыл	Университет бойынша барлығы	Магистратура			Докторантура		
		барлығы	мемлекеттік тапсырыс бойынша	ақылы	барлығы	мемлекеттік тапсырыс бойынша	ақылы
2020	483	415	304	111	68	67	1
2021	243	202	163	39	41	41	0
2022	210	175	138	37	35	34	1
2023	192	150	120	30	42	41	1
2024	238	174	139	35	64	61	3
2025	279	210	133	77	69	65	4

2025 жылы магистратура мен докторантураға қабылдау оң динамиканы көрсетті. жоо кейінгі білім беруге барлығы 279 адам қабылданды (2024 жылы – 238). 2025 жылы магистратураға 210 адам қабылданды, бұл соңғы төрт жылдағы ең үздік көрсеткіш, ал докторантураға – 69 адам, бұл да бүкіл талданып отырған кезеңдегі (2020 – 2025 жылдар) ең жоғары мән болып табылады.

ҚАТЗУ-дың зерттеу университеті мәртебесін алуына байланысты оқу үдерісінің практикалық бағытталуын күшейту академиялық қызметтің басты басымдығына айналды. Осы бағытта университет АӨК ірі жұмыс берушілерімен ынтымақтастықты кеңейтті. 152 ірі агроөнеркәсіптік кәсіпорынмен және ұйыммен шарттар жасалды.

Университет даярлықтың үш деңгейі бойынша 143 білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – ББ) іске асыруда: бакалавриат бойынша – 57, магистратура бойынша – 52, докторантура бойынша – 34.

2025 жылдың бірінші жартысында тағы 24 ББ 5 жыл мерзімге (01.06.2030 жылға дейін) «Білім беруді аккредиттеу жөніндегі Орталық Азия қауымдастығы» агенттігінде аккредиттеуден сәтті өтті. Осылайша, екі жылдың ішінде (2024 – 2025) университеттің 99 ББ халықаралық және ұлттық аккредиттеуден өтті.

2024 жылдың екінші жартысында:

ASIIN халықаралық агенттігі (Германия) 6 ББ-ны 6 жыл мерзімге аккредиттеді: 6B08701 «Агроинженерия», 7M08702 «Агроинженерия», 8D08701 «Агроинженерия», 6B07201 «Тамақ өнімдерінің технологиясы», 7M07201 «Тамақ өнімдерінің технологиясы», 8D07201 «Тамақ өнімдерінің технологиясы»;

IAAR (АРТА) агенттігі ҚАТЗУ-дың 44 ББ-ны 5 жыл мерзімге (20.12.2024 – 19.12.2029), ал 2 ББ-ны 7 жыл мерзімге (20.12.2024-19.12.2031) аккредиттеді.

2022 – 2023 оқу жылында ББ тізіліміне жұмыс берушілердің ұсынымдары мен еңбек нарығының қажеттіліктері ескеріле отырып әзірленген 11 ББ енгізілді.

2023 жылы халықаралық агенттік үш жаңа ББ-ны аккредиттеді: 6B06115 «Цифрлық агрожүйелер мен кешендер», 8D06101 «Үлкен деректер аналитикасы» (Big Data), 7M08110 «Сәндік өсімдік шаруашылығындағы фитосанитариялық бақылау».

2021 – 2022 оқу жылында AgroParisTech моделі «Мал шаруашылығы» даярлау бағыты бойынша бакалавриаттың жаңа ББ енгізілді, сондай-ақ AgroParisTech мамандарымен бірлесіп «Өсімдік шаруашылығы» бағыты бойынша бакалавриаттың 3-4 курстарына арналған «Advanced Agronomy Science» атты жаңа ББ әзірленді.

«Ақпараттық технологиялар» бағыты («Мал шаруашылығы» мамандануы) бойынша «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» (ХАТУ) акционерлік қоғамымен бірлесіп, «Цифрлық агрожүйелер мен кешендер» атты бакалавриаттың бірлескен білім беру бағдарламасы енгізілді, оның 70 %-ы IT-бағытындағы пәндерден, ал қалған 30 %-ы ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығының негіздерінен тұрады.

Магистратура бойынша «Сәндік өсімдік шаруашылығындағы фитосанитариялық бақылау» атты жаңа ББ әзірленді, оған Minor бағдарламасы енгізіліп, әлемдік тренд болып табылатын және STARTUP жобалар саласындағы кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруды әрі алынған жобаларды агробизнеске қолдануды ілгерілететін «Технологиялық кәсіпкерлік» пәні қосылды.

Қос диплом бағдарламалары шетелдік жоо-мен серіктестікте іске асырылады:

1) 7M07313 «Ландшафттық сәулет және дизайн». Серіктес жоо: Патрис Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университеті (РХДУ, Ресей, Мәскеу қ.; QS World University Rankings 2024: 316-орын);

2) 7M07314 «Геодезиялық және кадастрлық жұмыстар технологиясы».

Серіктес жоо: Патрис Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университеті;

3) 7M08111 «Агроботехнология». Серіктес жоо: Патрис Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университеті;

4) 7M04117 «Аграрлық бизнес». Серіктес жоо: Патрис Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университеті;

5) 7M07201 «Тамақ өнімдерінің технологиясы» (2 жыл): Серіктес жоо: Солтүстік-Батыс ауыл және орман шаруашылығы университеті (Қытай Халық Республикасы, Янлин қаласы, Шэньси провинциясы; QS World University Rankings 2024: 851 – 900-орын);

6) 6B09103 «Ветеринария». Серіктес жоо: Патрис Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университеті.

Университетте дуальды оқыту кадрларды практикалық бағдарланған даярлау бағыттарының негізгі бағыты болып табылады.

2024 – 2025 оқу жылынан бастап дуальды оқытуды ұйымдастыру жаңа «2,5+1,0+0,5» моделі бойынша жүргізіледі. «2,5+1,0+0,5» моделі бойынша оқыту бағдарламасы практикалық дағдыларды арттыру мақсатында өндірісте бір жылдық оқытуға бағытталған.

Оқыту форматы:

2,5 жыл – университет негізінде дәстүрлі форматта оқыту;

1 жыл – кәсіпорын негізінде оқыта отырып практика;

0,5 жыл – қорытынды аттестаттауды дайындау және тапсыру кезеңі.

Өртүрлі өндіріс салаларының кәсіпорындары (ұйымдары), оның ішінде ҚАТЗУ еншілес ұйымдары, сондай-ақ «Атамекен-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС), «Қаз Астық Өнімдері» ЖШС, «Агрофирма Родина» ЖШС, «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, «ЖасылАймақ» республикалық мемлекеттік кәсіпорны, «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КеАҚ, «Запчасть ЖД» ЖШС, «Автобус паркі № 1» АҚ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ, «Агрофирма ТНК» ЖШС, «Атамекен-Агро» АҚ, «Астана-Өнім» АҚ, «Астана-Теплотранзит» АҚ, «Астана-Энергия» АҚ, «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ, «Астана-Зеленстрой» ЖШС және басқалары сияқты елдің ірі кәсіпорындары практика базасы болып табылады.

2023 жылы ҚАТЗУ резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруге маманданған «Бірыңғай шоғырландыру орталығы» ЖШС-мен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Жасалған меморандум негізінде 6B07104 «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» және 6B07105 «Механикалық инженерия» БББ бойынша өндірістік практика және білім алушыларды дуальды оқыту ұйымдастырылды. 2024 – 2025 оқу жылында ҚАТЗУ-дың 30 білім алушысы осы кәсіпорын базасында дуальды оқытудан өтіп, 250-350 мың теңге мөлшерінде жалақы алды.

Білім алушыларды практикалық даярлауға университеттің инфрақұрылымы ықпал етеді: ГАЖ-орталық, топырақты зерттеу зертханасы, жүйелік зерттеулер зертханасы; ақпараттық технологиялар зертханасы; техникалық өлшеулер зертханасы; ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын

бағалау зертханасы; стандарттау, метрология және сертификаттау зертханасы; ғылыми-эксперименттік платформа.

Практиканы ұйымдастыру мен өткізудің неғұрлым тиімді нысандарының бірі студенттік мамандандырылған отрядтарда – механикаландырылған отрядтарда (мехотряд) жұмыс істеу болып табылады. 2022 – 2023 оқу жылында «Агроинженерия» ББ-ның 2 және 3-курстардың 50 білім алушысы механикаландырылған отрядтар құрамында өндірістік практикадан өтті. 2023 – 2024 оқу жылында бұл көрсеткіш 70 білім алушыға дейін өсті. Практикадан өту кезеңінде білім алушылар белгіленген жалақымен механизаторлардың көмекшілері ретінде жұмысқа орналастырылды.

Мамандарды даярлау мен біліктілігін арттыруда үздіксіз интеграцияланған кәсіптік білім беру, АӨК-ті инновациялық дамытудың озық практикасын қолдану, өндіріске заманауи ақпараттық технологияларды енгізуге жәрдемдесу, АӨК-тегі проблемалар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу мәселелерінде білім беру мекемелері мен ғылыми ұйымдардың ынтымақтастығын дамыту, білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту және басқалар маңызды орын алады.

Жұмыс берушілермен тығыз байланыс, дуальды оқытуды іске асыру, жұмыс берушілермен бірлесіп БББ әзірлеу ҚАТЗУ бітірушілерін жұмысқа орналастырудың жоғары дәрежесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Университетті бітіргеннен кейінгі бірінші жылы бітірушілердің жұмысқа орналасуы 2024 жылы 92 %-ды құрады (7-кесте).

7-кесте. Бітірушілер саны, адам

Білім деңгейі	Көрсеткіш	Жылдар					
		2020	2021	2022	2023	2024	2025
бакалавриат	барлық бітіруші	2638	2443	2644	2348	2342	2036
	оның ішінде жұмысқа орналасқаны	2154	1976	2286	1876	2146	1668
	жұмысқа орналасу %-ы	82	81	86	80	92	82
магистратура	барлық бітіруші	598	380	321	168	148	135
	оның ішінде жұмысқа орналасқаны	512	303	306	154	138	123
	жұмысқа орналасу %-ы	86	80	95	92	93	91
докторантура	барлық бітіруші	32	47	29	60	39	44
	оның ішінде жұмысқа орналасқаны	32	41	29	60	39	44
	жұмысқа орналасу %-ы	100	87	100	100	100	100

Ақпараттық-білім беру ресурстары орталығында (ғылыми кітапхана) 1348197 бірлік қор бар, оның 300488-і – мемлекеттік тілдегі әдебиет қорын, 1647-сі электрондық жеткізгіштердегі басылымдарды, 1715-сі ПОҚ басылымдарын (репозиторий), 53-і электрондық ресурстарды құрайды.

Баспа басылымдарымен қатар қор электрондық басылымдармен

толықтырылып, жыл сайын электрондық ресурстарды сатып алу жаңартылып отырады. Университеттің электрондық кітапханасы арқылы университеттің ІР-мекенжайларының диапазоны бойынша қашықтағы ақпараттық ресурстарға: республикалық жооаралық электрондық кітапхананың отандық ресурсына, әлемнің озық электрондық кітапханаларына: EBSCO, CAB Direct (Кабиабстракт), Web of Science, Wiley, Scopus және «Лань» баспасы» «eLibrary.ru» (ҰЭБ), «IPR SMART» ресейлік дерекқорларына қол жеткізуге болады.

Қазақстан Республикасының жетекші аграрлық жоо-мен (Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан агротехникалық университеті) уағдаластық шеңберінде университет пайдаланушылардың сұраныстары бойынша жетіспейтін әдебиеттермен, электрондық кітаптарды және басқа да ақпараттарды жеткізумен қамтамасыз етеді.

Ақпараттық-білім беру ресурстары орталығында инклюзивті-ақпараттық ресурстар кабинеті және ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға инклюзивті қолдау көрсету орталығы жұмыс істейді. Ақпараттық-білім беру ресурстары орталығында есту қабілеті нашар және нашар көретін білім алушыларға арналған «ElecGeste» маркалы тифлофлешплеер», «OTICON өндірісінің Amigo сериялы FM-таратқыштары» сияқты арнайы жабдықтары бар.

2023 жылы көру қабілеті бұзылған адамдарға арналған арнайы құрылғы сатып алды: «Focus 14 Blue» портативті тактильді Брайль дисплейлері».

Білім алушыларды дамыту үшін электрондық ресурстар қолданылады: «Лань» ЭБЖ, IPRSmart, IPRbooks WV-Reader заманауи цифрлық білім беру платформасы.

Университет IPRbooks WV-Reader мобильді қосымшасын пайдаланады, ол «Ай Пи Ар Медиа» компаниясы дайындаған өзекті оқу басылымдары бойынша көру қабілеті нашар адамдарға арналған.

Әрі қарай халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық қарастырылады. 2024 – 2025 оқу жылында ҚАТЗУ түрлі мемлекеттік және жекеменшік ұйымдармен белсенді ынтымақтаса отырып, өзінің халықаралық байланыстарын айтарлықтай нығайтты. Интернационалдандыру аясында Университетке 5 елшіліктің, 15 халықаралық ұйым мен орталықтың, сондай-ақ 11 бизнес-серіктестің делегациясы жұмыс сапарымен келді. Сонымен қатар ҚАТЗУ шетелдік университеттермен байланыс жасаудың маңызды алаңына айналды, өйткені 16 шетелдік жоо-ның делегациялары университетке келді. Мұндай өзара іс-қимыл ғылыми, білім беру және мәдени алмасуды кеңейтуге, сондай-ақ халықаралық серіктестермен қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етті.

Қазіргі уақытта ҚАТЗУ бірлескен ғылыми және білім беру қызметі жөніндегі іс-шараларға бағытталған әлемнің 32 еліндегі жоо-мен және ғылыми орталықтарымен жасалған қолданыстағы 203 келісімшарт пен меморандум шеңберінде ынтымақтастықты жүзеге асырады, оның 71-і – стратегиялық әріптестер (алмасу, академиялық мобильділік, бірлескен ББ, тағылымдамалар және басқалар). Жоо Еуропа мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің 5 халықаралық қауымдастығы мен консорциумының мүшесі, жоо-лардың

5 консорциумы мен 18 халықаралық ұйымның қатысушысы болып табылады. Эразмус +, Герман академиялық алмасу қызметі, ФАО бағдарламалары аясында 24 халықаралық жоба іске асырылуда.

ҚАТЗУ білім алушылары жыл сайын Италия, Германия, Латвия, Словакия, Финляндия, Малайзия, Болгария, Польша, Беларусь, Ресей, Чехия, Түркия, Эстония мен басқа елдердің жоо-да академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алады.

Шетелдік білім алушылар: 2024 – 2025 жылдары университет дипломын ала отырып бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларына түскен 153 шетелдік білім алушы оқыды.

Шетелдік білім алушылар санының артуына ҚАТЗУ-да 2019 жылдан бастап жұмыс істейтін шетел азаматтарына арналған қазақ және орыс тілдерінің дайындық курстары бағдарламасы септігін тигізуде. Жыл сайын дамыған елдердің жетекші кәсіпорындары мен шаруашылықтарында теориялық және практикалық дайындықтан өту бойынша жазғы семестрлерге қатысатын білім алушылар саны артып келеді: 2021 – 2022 оқу жылында – 26 білім алушы, 2022 – 2023 оқу жылында – 29 білім алушы, 2023 – 2024 оқу жылында – 59 білім алушы, ал 2024 – 2025 оқу жылында – 72 білім алушы Германияда ауыл шаруашылығы практикасынан сәтті өтті. Практика бағдарламасы екі негізгі ұйыммен: LOGO e.V. және Deula-Nienburg Фермерлер одағымен серіктестікте жұмыс істейтін елдің жетекші фермерлік шаруашылықтарымен ынтымақтастықта ұйымдастырылды.

2024 – 2025 жылдары ҚАТЗУ ғылыми және білім беру ынтымақтастығын нығайтуға, стратегиялық серіктестіктер мен академиялық ұтқырлықты дамытуға бағытталған 67 халықаралық іс-шараның ұйымдастырушысы және серіктесі ретінде белсенді қатысты.

Негізгі оқиғалардың арасында:

CONNECTED 2024 – стратегиялық серіктестер форумы, Астана қаласы;

«Жаһандық сын-қатерлер контексінде Орталық Азия университеттерінің трансформациясы» атты Орталық Азия жоо ректорларының форумы, Бішкек қаласы (Қырғызстан);

«Жібек жолы» ауыл шаруашылығы білімі және ғылыми зерттеулер саласындағы ынтымақтастықтың 9-шы форумы, Ташкент қаласы;

Шанхай ынтымақтастық ұйымы елдерінің ауыл шаруашылығы университеттері ректорларының III форумы, Янлин қаласы, Қытай Халық Республикасы (бұдан әрі – ҚХР);

Вайенштефан-Триздорф қолданбалы ғылымдар университетіндегі ректорлар конференциясы, Триздорф қаласы (Германия);

Қазақстан және Ресей жоо ректорларының форумы, Алматы қаласы;

«Food Quality and Food Safety – 2024» ҚАТЗУ – РХДУ халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы, Мәскеу қаласы;

Орталық Азия аумағындағы ауыл шаруашылығы апаттарының мониторингінде Жерді қашықтан зондтаудың жаңа әдістері және жасанды интеллектіні қолдана отырып, ауыл шаруашылығын тиімді басқару жөніндегі форум.

Осы және басқа да халықаралық платформаларға қатысу ҚАТЗУ-дың жаһандық білім беру және ғылыми кеңістікке интеграциялануының жоғары деңгейін растайды.

ҚАТЗУ-да 2013 жылдан бастап ҚАТЗУ мен Қытай жоо, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтары, тіл орталықтары мен аграрлық бейіндегі басқа да мекемелер арасындағы ынтымақтастықты дамыту және нығайту мақсатында құрылған Қазақстан-Қытай ғылым және білім беру орталығы жұмыс істейді. Орталықтың негізі қаланған күннен бастап ҚХР Ғылым және техника министрі Ван Ганның қатысуымен жоғары деңгейдегі кездесулерді қоса алғанда, 100-ден астам іс-шара өткізілді.

ҚАТЗУ-дың далалық жұмыстар ғылыми-эксперименттік кампусының аумағында Қытай ғылым академиясының Шыңжаң экология және география институтымен бірлесіп Солтүстік Қазақстанның қуаң дала аймағына ағаш және бұта өсімдіктерін интродукциялау мақсатында ботаникалық бақ салынды, олар кейіннен Астана қаласын көгалдандыру және елорданың «жасыл белдеуін» құру кезінде қолданылатын болады.

ҚХР-дағы ірі картоп өндірушісі және өңдеушісі XISEN компаниясымен бірлесе отырып, 35 га алаңда түрлі қажеттіліктер үшін: асханалық тұтынудан бастап тереңдете өңдеуге дейін қытайлық селекциядағы картоп өндіру бойынша демонстрациялық стационар ұйымдастырылды.

Қытай Ғылым академиясының Шыңжаң экология және география институтымен бірлесіп ҚАТЗУ базасында Цифрландыру жөніндегі бірлескен орталық құрылды.

2024 жылы Чунцин қаласында ынтымақтастық және өнеркәсіптің, білімнің және ғылымның интеграциясы жөніндегі халықаралық конференция шеңберінде өсімдік шаруашылығы бойынша Қазақстан-Қытай бірлескен зертханасы ашылды.

НИНБО университетімен бірлесіп Қазақстан Республикасында аквашаруашылықты орнықты дамыту мақсатында моллюскалар, шаян тәрізділер мен балықтар өндіру саласында зерттеулер жүргізіп, технологияларды енгізетін Қазақстан-Қытай аквашаруашылықты дамыту жөніндегі зерттеу зертханасы ашылды.

Шетелдік жоо-да ПОҚ оқыту процесі белсенді дамып келеді, атап айтқанда соңғы 3 жылда ҚАТЗУ оқытушылары мен ғалымдары Еуропаның, жақын шетелдің шетелдік жоо-да дәрістер оқыды:

Карадениз техникалық университеті, Түркия;

Ташкент ақпараттық технологиялар университеті, Өзбекстан;

Навои мемлекеттік тау-кен институты, Өзбекстан;

AGH Ғылым және технологиялар университеті, Польша;

Орал мемлекеттік аграрлық университеті, Ресей;

Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты, Өзбекстан;

А.А. Ежевский атындағы Иркутск мемлекеттік аграрлық университеті, Ресей.

Шетелдік ғалымдар мен оқытушыларды тарту университеттің

халықаралық ынтымақтастығының негізгі бағыттарының бірі болып табылады: ҚАТЗУ-да Германияның, Италияның, Польшаның, Мажарстанның, Болгарияның, Литваның, Эстонияның, Малайзияның, АҚШ-тың, Чехияның, Түркияның, Швейцарияның, Беларусьтың, Қытайдың, Оңтүстік Кореяның, Аустралияның, Финляндияның және Ресейдің жетекші университеттерінен келген шетелдік ғалымдардың дәрістер оқып, семинарлар мен практикалық сабақтар өткізуі практикаланады. 2020 – 2024 жылдар кезеңінде ҚАТЗУ-ға алыс және жақын шетелдердің жетекші университеттерінен: AgroParisTech (Франция), Артуа университеті (Франция), Lycee Fenelon Paris университеті (Франция), Алтай мемлекеттік университеті (Ресей), Imperial English UK (Ұлыбритания), Кастамону университеті (Түркия), Ибн Тофайл университеті (Марокко), Санкт-Петербург мемлекеттік университеті (Ресей), Кубан мемлекеттік аграрлық университеті (Ресей), Оңтүстік Богемия университеті (Чехия), Пенсильвания штатының мемлекеттік университеті (АҚШ), Хэнань ауыл шаруашылығы университеті (ҚХР), Солтүстік-Батыс ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы университеті (ҚХР) және басқа университеттер мен ғылыми орталықтардан 70-тен астам шетелдік оқытушылар келді.

Әрі қарай университеттің ғылыми-зерттеу қызметі қарастырылады. Университеттің зерттеу жоо-на трансформациялануы ғылыми-инновациялық әлеуетті дамытуда және жүргізіліп жатқан зерттеулер көлемін кең ауқымда қолдануда сапалы серпіліс жасауға мүмкіндік берді. Ғылыми экожүйені жоспарлы түрде жаңғырту нәтижесінде 2024 жылы ҒЗТҚЖ-ны қаржыландырудың жиынтық көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 4,4 есеге артты.

Гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың негізгі көрсеткіштері бойынша айқын оң динамика байқалады:

ғылыми-техникалық бағдарламалар: ҚАТЗУ қатысатын бағдарламалар саны 2020 жылғы 5 бірліктен 2023 – 2025 жылдары 11 бірлікке дейін жетті.


гранттық қаржыландыру жобалары: іске асырылып жатқан гранттық жобалардың пулы 2,1 есеге өсіп, 2024 жылы 80 жобаға жетті (2020 жылы – 38 жоба).

Кіріс көздерін әртараптандырудың арқасында университеттің жиынтық кіріс құрылымында ғылыми қызметтен түсетін түсімдердің үлесі 2020 – жылдан бастап 3,5 есеге өсті. Ғылымды қаржыландырудың жалпы көлемі 2020 – жылғы 1371,8 млн теңгеден 2024 жылы 5001,9 млн теңгеге дейін ұлғайды, бұл жоо жалпы бюджетінің 34,6 %-ын құрады (1-сурет).



1-сурет. Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру, мың теңгемен

Зерттеу жобалары портфелінің өсуі ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартылған ПОҚ кірістерінің барабар артуын қамтамасыз етті. 2025 жылы ПОҚ-тың 1 өкіліне шаққандағы ҒЗТКЖ-ны қаржыландыру көлемінің көрсеткіші 5323,0 мың теңгені құрады (2-сурет).



2-сурет. ПОҚ-қа шаққандағы ҒЗТКЖ-ны қаржыландыру көлемі, мың теңге

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ҒЖБМ) 2023 – 2025 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында университеттің негізгі жетістіктерінің бірі «Ауыл шаруашылығы өнімдерін органикалық өндіру мен қайта өңдеудің жаңа технологияларын дамыту» тақырыбы бойынша жалпы сомасы 4 млрд теңгені құрайтын стратегиялық мега-жобаны іске асыру болды. Бағдарламаның мақсаттары АӨК-ке «жасыл» технологияларды трансферттеу және бейімдеу, сондай-ақ өңірлік технологиялық парктердің желілік инфрақұрылымын құру болып табылады. Технопарктің экожүйесі АӨК-тегі желілік технопаркпен ұсынылған, оның құрамына: А.И. Бараев атындағы АШҒӨО егіншіліктегі, өсімдік шаруашылығындағы және қайта өңдеудегі өңірлік технологиялық паркі», «Сәкен Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ инновациялар және технологиялар орталығы», Солтүстік Қазақстан АШТС мал шаруашылығындағы, жемшөп өндірісіндегі және қайта өңдеудегі аймақтық инжинирингтік орталығы» кіреді. Мега-жобаны іске асыру нәтижелері бойынша Қазақстандағы алғашқы агротехнопарк құрылды.

Жас ғалымдарды қолдауға ерекше көңіл бөлінеді. 2023 – 2025 жылдар аралығында университет жас зерттеушілердің жалпы сомасы 701 млн теңгеден асатын 12 гранттық жобасын сәтті іске асырды (8-кесте).

8-кесте. ҚР ҒЖБМ-ның гранттық қаржыландыруы шеңберіндегі жас ғалымдардың жобалары

Р/с №	Конкурс	Жобалар саны	Қаржыландыру көлемі, іске асырудың барлық кезеңі үшін, теңге
1	Жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру	7	340 716 490,16

	2021 – 2023 жылдар		
2	Жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру 2022 – 2024 жылдар	2	286 988 518,97
3	Жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру 2023 – 2025 жылдар	2	73 748 849,03
ЖИЫНЫ:		12	701 453 858,16

Бұған қосымша «Жас ғалым» республикалық бағдарламасы аясында жас ғалымдардың зерттеулер жүргізуі үшін 2022 – 2025 жылдар аралығында 100 млн теңгеден астам қаражат тартылды.

Ғылыми зерттеулер нәтижелерінің халықаралық деңгейде танылуы Web of Science және Scopus базаларында индекстелетін басылымдардағы жарияланымдық белсенділікпен расталды. Соңғы бес жылда (2020 – 2024 жылдар) рейтингі жоғары журналдардағы жыл сайынғы жарияланымдар көлемі 1,5 еседен астам өсті. Бес жылдық цикл ішінде университет ғалымдары жарияланымдарының жиынтық массиві Scopus базасында 867 ғылыми жұмысты, ал Web of Science базасында 357 жұмысты құрады.

Отандық аграрлық ғылымды ілгерілету үшін 1994 жылдан бастап рецензияланатын «Сәкен Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ-дың ғылым жаршысы» журналы шығып тұрады. Басылымның қазақстандық дәйексөз алу базасында (ҚазДБ, импакт-фактор – 0,027) және ресейлік ғылыми дәйексөз алу индексында (Science Index рейтингіндегі процентиль – 87) тұрақты ғылыми-метрикалық көрсеткіштері бар. Журналдың бейіндік серияларын (бірінші кезекте ветеринария ғылымдары бойынша) Scopus халықаралық базасына интеграциялау бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Ғылыми кадрларды дайындау мен шығару 11 диссертациялық кеңестің қызметімен қамтамасыз етіледі. Олардың жұмысының жоғары қарқындылығы 2024 жылдың ішінде 32 докторлық диссертацияның (PhD) қорғалуымен расталады. Докторанттар үшін толық ғылыми-зерттеу циклінің жағдайлары жасалған, бұған әлемнің жетекші орталықтарындағы (Германия, Швеция, Испания, ҚХР және т.б.) міндетті шетелдік тағылымдамалар да кіреді.

Бұдан әрі ҚАТЗУ қызметінің нәтижелерін практикаға ілгерілету жүйесін кеңейту қарастырылады. Ғылыми әзірлемелерді экономиканың нақты саласына интеграциялау екі негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

1. «Extension – KATU» білім тарату офисі (АӨК субъектілерін ақпараттық-консультациялық сүйемелдеу). 2020 – 2024 жылдар аралығында офис 4 ауқымды «Дала күнін» және 181 ғылыми-практикалық семинар ұйымдастырып, оған агробизнес кәсіпорындарының 3043-тен астам басшысы мен маманы қатысты.

2. Коммерцияландыру және кәсіпкерлік департаменті (зияткерлік меншік пен стартап-жобаларды басқару). 2023 – 2025 жылдар аралығында жоо ғалымдары 52 қорғау құжатын, оның ішінде 4 еуразиялық патент, өнертабысқа 13 патент, пайдалы модельдерге 33 патент және селекциялық жетістіктерге 2 патент алды.

Соңғы 5 жылда бірқатар инновациялық технологияларды трансферттеу

сәтті жүзеге асырылды: құс саңғырығын биотыңайтқыштарға өңдеу; ІҚМ-ға арналған тиімділігі жоғары жемшөп қоспаларын өндіру; балықтар мен өсімдіктерді бірлесіп өсіру жүйелерін (аквапоника) енгізу.

2024 жылы ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін (бұдан әрі – ҒҒТҚН) коммерцияландыру бойынша ірі 10 жоба белсенді іске асырылу сатысында болды. Бұл жобалардың бүкіл инвестициялық циклдегі жалпы бюджеті 4,9 млрд теңгені құрады, оның 3,3 млрд теңгесі «Ғылым қоры» АҚ гранттары түрінде тартылса, 1,6 млрд теңгесі жеке бизнес тарапынан тікелей қоса қаржыландыру есебінен қамтамасыз етілді.

Әрі қарай университеттің үшінші миссиясы қарастырылады. ҚАТЗУ-дағы тәрбие жұмысының стратегиясы білім алушының жеке басын қалыптастыру процесіне белсенді қатысуға бағдарланған.

Университетте тәрбие процесін ұйымдастыру кезінде мынадай міндеттер айқындалды:

білім алушылардың адамгершілік және азаматтық қасиеттерін жетілдіру;
саналы азаматтық ұстанымды ояту, Қазақстан Республикасының дамуы мен өркендеуіне мақтаныш сезімін және патриоттық қатынасты қалыптастыру;
қоғамдағы ақпараттық ағынды саналы, байыппен пайымдау мәдениетін, әділ шешімдер қабылдау мәдениетін қалыптастыру;

өз ортасында және қоғамда ынты-жігерге, белсенділікке, жауапкершілікке және қайырымдылыққа жол ашу;

жастардың салауатты өмір салты мен экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Осы мақсаттарды іске асыру кезінде, ең алдымен, білім алушылардың белсенділігін арттыруға көңіл бөлінеді. Ол үшін ҚАТЗУ-да жастар ұйымдары арқылы студенттік өзін-өзі басқару іске асырылады: Жастар ісі жөніндегі комитет; студенттік парламент ұйымы; «Жастар рухы» жастар қанаты; жатақханадағы студенттік кеңес ұйымы; «Көмек» волонтерлік ұйымы; «Саналы ұрпақ» ұйымы; «Медиаторлар» ұйымы; Студенттік кәсіподақ ұйымы.

Үйірмелер мен клубтардың жұмысына 2324 білім алушы қатысады. Дәстүрлі түрде университеттің студенттік көркемөнерпаздығы белгілі, шығармашылық даму орталығының базасында «Шаттық» би ансамблі, вокалдық топтар, «Шабыт» ұлттық аспаптар оркестрі, «Ақжелкен» студенттік театры, 70-ке жуық білім алушы шығармашылықпен айналысатын 2 студенттік КТК командасы табысты жұмыс істейді, олардың дағдылары мен машықтары жоғары оқу орнынан кейінгі өмірге және қоғамдағы бәсекеге қабілеттілікке тез бейімделуіне ықпал етеді.

ҚАТЗУ-дың «Көмек еріктілері» волонтерлік ұйымына 70 адам тартылды.

Университетте физикалық мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың саны 71 адамды құрайды: оның ішінде, білім алушылар – 67, магистранттар – 4, олар үшін кедергісіз жүріп-тұруға жағдай жасалған: пандустар, тактильді сары жолақты жолдар, ақпараттық-тактильді көрсеткіштер және басқа қажетті құрылғылар.


Инфрақұрылым. Университеттің 4 негізгі локацияны қамтитын бірегей бөлінген кампустық желісі бар (3-сурет):

1) бас кампус (Астана қаласы): университеттің әкімшілік-академиялық ядросы;

2) «Оқу шаруашылығы» кампусы (Интернациональное кенті): Жануарлар туралы ғылым және ветеринария институтының базасы;

3) «Щучинск» кампусы (Ақмола облысы): орман шаруашылығы және экология саласындағы ғылыми-білім беру орталығы;

4) Далалық жұмыстардың ғылыми-эксперименттік кампусы (Целиноград ауданы): аумағы 1152 га болатын тәжірибелік шаруашылық.



3-сурет. ҚАТЗУ-дың қолданыстағы кампус желісі

ҚАТЗУ-ға білім беру, ғылыми-зерттеу базасын интеграциялау және дамыту мақсатында ҰАҒББО-ның мынадай еншілес ұйымдары берілді:

А.И. Бараев атындағы АШҒӨО (Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Научный кенті);

Солтүстік Қазақстан АШТС (Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы, Шағалалы ауылы).

А.И. Бараев атындағы АШҒӨО – өсімдік шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулердің, технологиялар трансфертінің және кадрларды даярлаудың негізгі базасы. Өсімдік шаруашылығы саласындағы барлық ғылыми зерттеулер мен білімдерді тарату, селекциялық жетістіктерді кеңінен тарату және бүкіл ауыл шаруашылығы кезеңіндегі өндірістік практика оның базасында өтеді.

«Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС – Солтүстік Қазақстан жағдайында ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы, жылқы шаруашылығы, нақты егіншілік, көкөніс өсіру, жемшөп өндіру, ауылдық аумақтарды жоспарлау және жайластыру бойынша негізгі кампус. Оның базасында Солтүстік Қазақстанның АӨК-мен байланысты өндірістік практика, ғылыми зерттеулер және білімді тарату жөніндегі іс-шаралар өтеді.

ҚАТЗУ-дың басқару кезеңінде еншілес ұйымдар жоғары экономикалық көрсеткіштерді көрсетті. «Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС соңғы үш жыл ішінде үдемелі құрғақшылық жағдайында

шаруашылықта өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық түрі бойынша орта есеппен 20 ц/га астам рекордтық өнім алып отыр.

Еншілес құрылымдарды корпоративтік басқарудың тиімділігі шоғырландырылған қаржылық-шаруашылық нәтижелермен расталады. 2024 жылдың қорытындысы бойынша ҚАТЗУ компаниялар тобының жиынтық таза пайдасы 2023 жылмен салыстырғанда 4,5 есеге артып, 3149,3 млн теңгені құрады (жоспарлы көрсеткіш 636,0 млн теңге болған кезде).

2024 жылғы шоғырландырылған таза кірісте құрылымы:

ҚАТЗУ – 2803,2 млн теңге;

Солтүстік Қазақстан АШТС – 338,5 млн теңге;

А.И. Бараев атындағы АШҒӨО – 7,5 млн теңге.

ҚАТЗУ-дың қазіргі кампус желісі зерттеулерді сапалы жүргізіп, мамандарды даярлауға мүмкіндік береді, кейбір бағыттар бойынша ҚАТЗУ үшін белгілі бір бәсекелестік артықшылықтарды қамтамасыз етеді. Алайда академиялық бейіннің барлық бағыттары мен нысаналы өңірдің негізгі ауыл шаруашылығы аймақтарын қамту қамтамасыз етілмеген. Мысалы, Далалық жұмыстардың ғылыми-тәжірибелік кампусы типтік емес топырақтары бар аймақта орналасқан, бұл нәтижелердің практикада қолданылуын шектейді. «Щучинск» кампусында үй-жайлардың жетіспеуіне байланысты орман шаруашылығы мәселелерін қоршаған орта туралы ғылыммен, табиғи ресурстарды басқарумен, басқа да ілеспе салалармен байланыстыра отырып, пәнаралық негізде мамандар даярлау мүмкіндігі жоқ. Осылайша, кампустық желіні одан әрі кеңейтуге және университеттің инфрақұрылымын жөндеуге объективті қажеттілік бар.

ҚАТЗУ-дың ағымдағы жай-күйін кешенді SWOT-талдау 9-кестеде көрсетілген.

9-кесте. ҚАТЗУ-дың ағымдағы жай-күйін SWOT-талдау

Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)
1. Зерттеу университеті ресми мәртебесінің және даярлаудың үш деңгейлі жүйесінің (бакалавриат – магистратура – докторантура) болуы. 2. Жоо-ның жалпы бюджетінде ғылыми қызметтен түсетін кірістердің жоғары үлесі (34,6 %) және бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың ауқымды портфелі (4 млрд теңге болатын жоба). 3. Қаржылық тиімділігі жоғары ірі еншілес ҒӨО-ларды (А.И. Бараев атындағы АШҒӨО, Солтүстік Қазақстан АШТС) қамтитын бірегей	1. Академиялық блоктың мемлекеттік білім беру тапсырысына жоғары тәуелділігі және контингенттің ауытқулары алдындағы осалдығы. 2. Жарияланымдық белсенділіктегі теңгерімсіздік: Scopus/WoS жоғары квартильдеріндегі (Q1, Q2) жарияланымдар үлесінің жеткіліксіздігі кезінде мақалалардың жалпы көлемінің тұрақты өсуі. 3. Штаттық ПОҚ-ның үдемелі түрде қартаюы және қарқынды интернационалдандыру үшін шет тілдерін меңгеру деңгейінің жеткіліксіздігі.

бөлінген ғылыми-өндірістік инфрақұрылым. 4. Халықаралық серіктестіктің дамыған желісі (ТОП-рейтингтерге кіру, ФАО-ға, IAU-ға мүше болу, ЕО, ҚХР жоо-ларымен және РХДУ-мен қолданыстағы қос дипломды бағдарламалар). 5. FГТҚН және Extension-қызметтерін коммерцияландырудың орнықты арналарының болуы (2024 жылы бизнестен 1,6 млрд теңге қоса қаржыландыруды тарту). 6. Жас ғалымдарды жүйелі түрде қолдау (МҚ-ның 12 жобасын және «Жас ғалым» бағдарламасын іске асыру).	4. Ескі кампустардағы зертханалық жабдықтар мен ғылыми-зерттеу материалдық-техникалық базасының бір бөлігінің жоғары деңгейде тозуы және моральдық тұрғыдан ескіруі. 5. Далалық жұмыстар ғылыми-эксперименттік кампусының аумақтық-топырақтық шектеулері (өңірге тән емес топырағы бар аймақта орналасуы), бұл нәтижелерді кең ауқымда қолдану аясын тарылтады. 6. Бірқатар классикалық академиялық бағыттар бойынша кадрларда ғылыми дәреже болуының жалпы үлесінің төмендеуі.
Мүмкіндіктер (Opportunities)	Қауіп-қатерлер (Threats)
1. Шетелдік инвестицияларды тарта отырып, ҚАТЗУ-ды Орталық Азия өңіріндегі жетекші халықаралық аграрлық зерттеу хабына трансформациялау. 2. Отандық ірі агрохолдингтермен бірлесіп Smart Agriculture жобаларын кең ауқымда қолдану. 3. Халықаралық гранттық бағдарламаларға (Horizon Europe, Erasmus+) тікелей қатысу есебінен бюджеттен тыс қорлардың үлесін арттыру. 4. Digital Agro Map енгізу және Қазақстанның солтүстік және орталық өңірлеріндегі АӨК-ті басқаруды цифрландыру. 5. Таяу Шығыс және Орталық Азия елдері үшін жоо-дан кейінгі білім берудің ағылшын тілді бағдарламаларын дамыту есебінен білім беру қызметтерінің экспортын арттыру. 6. Еншілес коммерциялық құрылымдардың пайдасынан нысаналы аударымдар және бизнес тарапынан қоса қаржыландыру	1. Талантты талапкерлер мен жас ғалымдар үшін жаһандық және өңірлік бәсекелестіктің күшеюі (кадрлардың шетелдік ғылыми орталықтарға кету тәуекелі). 2. Еншілес ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының кірістілігін төмендетуге қабілетті жоғары климаттық және пандемиялық тәуекелдер. 3. Білім беру бағдарламаларының жаңару қарқыны әлемдік агробиотехнологиялардың даму жылдамдығынан артта қалған жағдайда технологиялық алшақтық тәуекелі. 4. Макроэкономикалық тұрақсыздық жағдайында ғылымды бюджеттік қаржыландырудың нақты көлемінің төмендеу қаупі. 5. Сатып алынатын АТ-жабдықтар мен нақты егіншілікке арналған мамандандырылған цифрлық бағдарламалық софттың жедел моральдық ескіруі.

есебінен МТБ-ны жаңғырту.	
---------------------------	--

3.2-кіші бөлім. Трендтер мен сын-қатерлерді талдау

Қазіргі әлем экспоненциалды технологиялық өзгерістер кезеңінде тұр, бұл аграрлық білім беру жүйесін түбегейлі жаңғырту қажеттігін тудырады. ҚАТЗУ-дың 2030 жылға дейінгі дамуының негізгі векторы жоғары белгісіздік пен АӨК-те ғылымды қажет ететін технологиялардың басымдылығы жағдайында жұмыс істеуге қабілетті кадрларды озыңқы даярлау моделіне көшу болып табылады.

Кадрларды озыңқы даярлау. Кадрлармен озыңқы қамтамасыз ету тұжырымдамасы еңбек нарығында орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада (3 жылдан 7 жылға дейін) сұранысқа ие болатын құзыреттіліктерді предиктивті қалыптастыруды білдіреді.

ҚАТЗУ үшін предиктивтік талдау және білім беру экожүйелерін қалыптастыру негізгі қызметке айналуға. Бұл университетке пәнаралық зерттеулер мен әртүрлі жастағы адамдарға сапалы білім беруді қамтамасыз ететін халықаралық білім беру «хабына» айналуға мүмкіндік береді.

Әлемдік дәрежедегі зерттеу университетінің феномені. Әлемдік практика дәлелдегендей, қоғамның, бизнестің жүйелі синергиясы және мемлекеттің тікелей қаржылай қолдауы болмаса, әлемдік деңгейдегі зерттеу университетін құру мүмкін емес. Ғылымды көп қажет ететін сапалы зерттеулер ресурстардың аса жоғары шоғырлануын талап етеді.

10-кесте. Озыңқы кадрлық қамтамасыз етудің шетелдік модельдерін талдау

№	Елдер	Модельдің ерекшеліктері мен кемшіліктері	ҚАТЗУ-ға арналған модельдердің құралдары
1	Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы	Реттелетін модель, мемлекеттік тапсырыс негізгі құрал болып табылады. Негізгі кемшілігі – мемлекеттік тапсырыстың құзыреттегі трендтерден артта қалуы, кадрларды даярлаудың ұзақ мерзімдерімен толықтырылған еңбек нарығындағы өзгерістерге кеш ден қою	Тігінен интеграцияланған агротехникалық хабты қалыптастыру кезінде ҚР АШМ-ның қатысуымен болжаудың ахуалдық-талдамалық орталығын құру
2	АҚШ және Ұлыбритания	Либералды модель. Осы елдердің университеттері нарыққа жұмыс істейді, мемлекет кадрларға тапсырыстар бермейді, теңгерімсіздік еңбек нарығының өзімен бәсеңдетіледі. Кемшілігі – кадрларды даярлауда орталықтандырылған әсердің	Агробизнестің ағымдағы жобалық талаптарына бағдарланған икемді білім беру траекторияларын (Major/Minor) енгізу

		болмауы	
3	Қытай Халық Республикасы, Оңтүстік Корея және Сингапур, Еуропалық Одақ	Озыңқы кадрлық қамтамасыз ету моделі. Экономиканың дамуын ұзақ мерзімді болжауға негізделген, серпінді салаларға бағдарланған. Мемлекет университеттер, мемлекет және бизнес арасындағы «Үштік шиыршық» (Triple Helix) тұжырымдамасының инновациялық өзара іс-қимылының модераторы рөлін тиімді атқарады. Негізгі кемшілігі – нарықтың серпінді өзгертін қажеттіліктері тұрақты жиі форсайт-зерттеулерді талап етеді.	Білім беру бағдарламаларын қалыптастыру мен өзектілендіру кезінде форсайт-зерттеулердің нәтижелерін, жаңа (болашақ) мамандықтар атласын пайдалану. Қысқа мерзімді курстар, күміс университеттер, үздіксіз білім беру бағдарламаларын (Lifelong Learning) дамыту.


Жаһандық практикада мұндай флагмандарды құрудың үш базалық мемлекеттік стратегиясы ерекшеленеді:

«Үздіктерді іріктеу»: әлеуеті неғұрлым жоғары жұмыс істеп тұрған жоо-ны мақсатты қаржыландыру (ҚАТЗУ үшін Қазақстан таңдаған модель);

«Гибрид формуласы»: синергиялық тиімділікке қол жеткізу үшін бірнеше университет пен ҒЗИ-ды институционалдық біріктіру (мысал – Париж-Сакле);

«Таза тақта»: мүлдем жаңа әлемдік деңгейдегі университет құру (мысал – Назарбаев Университеті).

Әлемнің жетекші жоо бюджеттерін әртараптандыру дәстүрлі түрде төрт қайнаркөзге сүйенеді: базалық мемлекеттік қаржыландыру, бизнеспен жасалатын коммерциялық келісімшарттар (ҒЗТҚЖ), эндаумент-қорлардан (қайырмамалдықтар) түсетін кірістер және оқу ақысы.



4-сурет. ҚАТЗУ-дағы кадрларды озыңқы даярлау моделі

АҚШ тәжірибесі (Калифорния жоспары): жүйенің зерттеу университеттеріне, білім беретін колледждерге және ашық университеттерге нақты бөлінуі. Зерттеу университеттерінде ғылым бюджетінің 2/3-іне дейінгі көлемі ұзақ мерзімді мемлекеттік гранттармен өтеледі, бұл қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етеді және ғалымдарға серпінді іргелі міндеттерге баса назар аударуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік қаржыландыру көлемі (эндаументтерді есепке алмағанда) бір білім алушыға шаққанда 12 мың доллардан асады.

ҚХР тәжірибесі (211, 985 және «Шуан и лю» жобалары): ең үздік 100 жоо-ға стратегиялық инвестициялар (жоғары білімді дамытуға ЖІӨ-нің 1 %-дан астамы бөлінеді) Қытайға 20 жыл ішінде академиялық серпіліс жасауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде қытайлық жоо-ның Шанхай рейтингінде (ARWU), THE және QS-те еселеп өсуі, сондай-ақ АҚШ-тан тегі қытайлық жетекші ғалымдардың елге оралуы есебінен бірегей зертханалардың құрылуы байқалды.

Сингапур тәжірибесі (NUS): Сингапур ұлттық университеті мақсатты мемлекеттік патронаттың арқасында әлемдегі ең үздік 10 университеттің қатарына кірді. Жылдық бюджеті 200 миллион доллардан асатын (инвестициялар, қайырымдылық көмектер мен субсидиялар есебінен құралатын) университет жаһандық зияткерлік магнит рөлін атқара отырып, ең үздік шетелдік магистранттарды (жалпы контингенттің 48 %-ына дейін) гранттық негізде тартады.

Батыс Еуропа тәжірибесі: салыстырмалы талдау көрсеткендей, ПОҚ-ның бір бірлігіне шаққанда қаржыландырудың барынша жоғары көлемін көрсетіп отырған Ұлыбритания мен Швейцарияның жоо халықаралық рейтингтерде Германия мен Францияның жоо-ларынан айқын басым түсуде, бұл нәтижелердің сапасы ғылымның капиталдану деңгейіне тікелей тәуелді екенін дәлелдейді.

2030 жылға дейін ҚАТЗУ қызметіне интеграцияланатын негізгі

жаһандық трендтер

«Үштік шиыршық» (Triple Helix) моделі және кластерлік тәсіл. Жаңа буынның аграрлық зерттеу университеттері макроөңірлік инновациялық кластерлердің өзегіне айналды. Жарқын мысалдар: Вагенинген университеті (WUR) – «голландтық ауыл шаруашылығы кереметінің» қозғаушы күші және «Азық-түлік алқабының» (Food Valley) орталығы; Париж-Сакле университеті – AgroParisTech-тің, жоғары мектептердің (Grandes Écoles) және Systematic кластерінің бизнес-құрылымдарының ресурстарын біріктірген еуропалық Кремний алқабының өзегі.

ҚАТЗУ берілген еншілес ұйымдарды (А.И. Бараев атындағы АШҒӨО, Солтүстік Қазақстан АШТС) интеграциялау арқылы бұл тәжірибені Орталық Азияда кең ауқымда қолданып, Қазақстан үшін әлемдік дәрежедегі бес өлшемшартқа негізделген бірегей пәнаралық экожүйені қалыптастыруда:

ғалымдардың, алқаптар мен зертханалардың географиялық шоғырлануы;
кросс-функционалды және пәнаралық орта;
халықаралық зерттеу консорциумдарына терең интеграциялану;
адами капиталға дәйексөз келтірудің жоғары индексі;
үздіксіз тізбектің болуы: «іргелі ғылым – эксперимент – коммерциялық өндіріс».

Цифрландыру және Smart-farming. АӨК-ке Big Data-ның, заттар интернетінің (IoT), роботтандыру мен пилотсыз жүйелердің жаппай енуінің жаһандық тренді ҚАТЗУ-дан «Цифрлық зерттеу университеті» тұжырымдамасына көшуді талап етеді. Бұл тәжірибелік алқаптардың цифрлық егіз құралдарды (Digital Twins) жасауды, селекциялық процестерге ЖИ-талдауды енгізуді және білім алушылардың білім алу траекторияларын басқаруды жаппай цифрландыруды көздейді.

Ғылымды интернационалдандыру және экспоненциалды бұқаралық сипат алу. Жоғары білімге деген жаһандық сұраныс (Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы деректері бойынша 2000 жылдан бастап әлемде контингенттің 100 миллионнан 200 миллион адамға дейін өсуі) жаңа ережелерді талап етуде. ҚАТЗУ бұл сын-қатерге жаппай ашық онлайн-курстарды дәстүрлі оқу процесіне интеграциялау арқылы жауап беруде. Сонымен қатар жоо дарынды қазақстандық жастарды елдік экожүйенің ішінде тұрақтату үшін шетелдік серіктес университеттерде бірлескен институттары мен кампустарын ашуды жеделдетуде.

Үздіксіз білім алу (Lifelong Learning). Халықтың белсенді өмір сүру ұзақтығының артуына және кәсіби дағдылардың жылдам құнсыздануына байланысты ҚАТЗУ формалды емес білім беру, АӨК кадрларын қысқа мерзімді қайта даярлау институттарын және ересектерді формалды емес оқыту нәтижелерін интеграциялау мен тануды қамтамасыз ете отырып, «Күміс университет» (Silver University) жобасын дамытуда.

Әлеуметтік миссия (университеттің үшінші миссиясы). ҚАТЗУ тек білім беретін мекеме шеңберінен шығып, Қазақстанның ауылдық аумақтарын орнықты дамытудың негізгі қозғаушы күші рөлін өз мойнына алып отыр. Жоо-ның үшінші миссиясын 2030 жылға дейін практикалық іске асыру

мыналарды қамтиды:

«Extension – KATU» офисінің желісін кеңейту арқылы фермерлер мен АӨК субъектілерінің тікелей консалтингі;

отандық аграрлық кәсіпорындардың тікелей технологиялық сұраныстары бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу;

академиялық құндылықтарды мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігімен ұштастыра отырып, ауыл жастарының бойында азаматтық позицияны, экологиялық мәдениет пен патриотизмді қалыптастыру.

3.3-кіші бөлім. Даму болжамы және ықтимал даму сценарийлері мен олардың «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына әсерін айқындау

Аграрлық білім мен ғылым саласындағы институционалдық алшақтықтарды деструктивті талдау. Қазақстан Республикасында АӨК үшін кадрлардың 50 %-дан астамы үш бейінді ауыл шаруашылығы университеті мен 20 өңірлік жоо-ның базасында қалыптастырылады. Саланың орнықты дамуы жолындағы негізгі кедергі бітірушілерді даярлау сапасының жұмыс берушілердің нақты күтулеріне жүйелі түрде сәйкес келмеуі болып қалуда.

Кадрларды даярлау саласындағы тапшылықтар:

академиялық догматизм: теориялық білімнің практикалық кейстерден басым болуы, бұл бітірушілерді стандартты емес өндірістік жағдайларда икемді операциялық шешімдерді дербес қабылдау қабілетінен айырады;

құзыреттілік лаг: негізгі дағдылардың қарқынды түрде ескіруі және АӨК-тегі озық цифрлық және биотехнологиялық инновациялар туралы білімнің сыни тұрғыдан жетіспеушілігі;

білім беру траекторияларының қатаңдығы: білім беру бағдарламаларында (ББ) білім алушыға тар бейінді, күнделікті қызметке бағдар беретін икемділіктің болмауы, бұл оның сабақтас еңбек нарықтарындағы мобильділігі мен бейімделгіштігін төмендетеді;

МТБ технологиялық алшақтығы: көпшілік жоо-ның материалдық-техникалық базасы моральдық тұрғыдан ескірген және жасақталу деңгейі жағынан отандық агробизнестің флагмандарынан айтарлықтай артта қалып қойған.

Жас мамандар үшін ауылдық жерде жұмысқа орналасу тартымдылығының төмен болуы қосымша деструктивті фактор болып табылады. Бұл еңбекақы деңгейінің бәсекеге қабілетсіздігімен, жоғары физикалық жүктемемен және ауылдық аумақтардың базалық әлеуметтік инфрақұрылымының дамымағандығымен (сапалы жолдардың, орталықтандырылған жылыту, сумен жабдықтау жүйелерінің тапшылығы, сондай-ақ жергілікті денсаулық сақтау мен орта білім беру сапасының төмен болуымен) шарттасқан.

АӨК-ті ғылыми қамтамасыз ету саласындағы тапшылық:

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер отандық ғылыми әзірлемелердің аз қолданылатынын және импорттық аналогтармен салыстырғанда бәсекеге қабілеттілігінің төмен болуын белгілеп отыр. Мұның негізгі себептері:

АӨК-те ұлттық технологиялық форсайттың болмауы: бұл зерттеулер тақырыптарын нақты нарықтық трендтерден ретсіз жоспарлауға алып келеді;

пәнаралық байланыстың нашар болуы: іргелі зерттеулер қолданбалы міндеттерден оқшауланған, бұл дайын коммерциялық өнімдерді жобалауға кедергі келтіреді;

лингвистикалық және академиялық кедергілер: ғалымдар арасында кәсіби ағылшын тілін меңгеру деңгейінің жеткіліксіздігі ҚАТЗУ-дың жаһандық ғылыми-білім беру кеңістігіне интеграциялануын баяулатады;

сыни жете қаржыландырылмау: дамыған аграрлық елдер мемлекеттік көздерден аграрлық ғылымға салалық жалпы ішкі өнімнің 1 %-ынан (АҚШ, ҚХР) 3 %-ына дейін (Аустралия, Франция) инвестиция құйса, Қазақстанда бұл көрсеткіш тарихи тұрғыдан 0,12 % – 0,15 % шегінде.

Жаһандық технологиялық трендтер және еңбек нарығының болжамдық құралдары. Жаһандану тәуекелдерін барынша азайту үшін ҚАТЗУ кадрлық қажеттілікті ұзақ мерзімді болжауға бағдарланады. Технологиялық прогресс жұмыспен қамту құрылымын өзгертуде: күнделікті операцияларды орындаумен байланысты кәсіптерді автоматтандырылған жүйелер алмастырып жатыр, бұл жоғары білікті инженерлік және зерттеу капиталына деген сұранысты күрт арттыруда.

Халықаралық библиографиялық платформалардың (Scopus, Web of Science) деректеріне жасалған метаталдау және жаһандық агробизнестің топ-менеджменті арасында жүргізілген сауалнамалар негізінде 2030 жылға дейін АӨК-тің ландшафтын айқындайтын негізгі 10 технологиялық тренд анықталды:

- 1) толассыз цифрлық технологиялар (жеткізу тізбегіндегі Big Data, IoT, блокчейн);
- 2) роботтандырылған кешендер мен пилотсыз автоматты техника;
- 3) нақты егіншілік жүйелері (Precision Agriculture) және сенсорика;
- 4) шешімдер қабылдауды қолдаудың зияткерлік жүйелері (DSS);
- 5) селекция мен ветеринариядағы жасанды интеллект және машиналық оқыту;
- 6) нанотехнологиялар (нанотыңайтқыштар, препараттарды нысаналы жеткізу);
- 7) агробиотехнологиялар (гендік редакциялау, өсімдіктерді қорғаудың биоәдістері);
- 8) синтетикалық биология және баламалы қоректендіру көздеріне көшу;
- 9) жабық егіншілік экожүйелері (вертикалды және контейнерлік фермалар, аэропоника);
- 10) АӨК-ті карбонсыздандыру және парниктік газдар эмиссиясын азайту технологиялары.

Предиктивті жоспарлау құралы: ҚАТЗУ білім беру бағдарламаларын жобалау мен өзектілендіруді Қазақстанның жаңа кәсіптері мен кұзыреттерінің атласы (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әзірлеген) негізінде жүзеге асырады. Бұл жоо-на жаңа пәндерді уақтылы енгізуге және аграрлық сектордың перспективалы бағыттары бойынша мамандар тапшылығын жоюға мүмкіндік береді.

ҚАТЗУ-дың 2030 жылға дейін дамуын сценарийлік болжау. Жаһандық сын-қатерлер мен ішкі тапшылықтардың университеттің дамуына әсері екі негізгі сценарий бойынша өрбуі мүмкін (11-кесте).

Университет стратегиялық басқаруды нысаналы (трансформациялық) сценарий аясында жүзеге асырады, бұл оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптарды қайта құрылымдауды талап етеді.

11-кесте. ҚАТЗУ-дың 2030 жылға дейін дамуын сценарийлік болжау

Салыстыру параметрлері	Инерциялық сценарий (стагнация)	Нысаналы сценарий (трансформациялық)
Сценарийдің мәні	Жоо классикалық академиялық құрылымын сақтайды. Өзгерістер тек реттеушінің тікелей нұсқауларына ғана әрекет ете отырып, үстірт сипатта болады.	«Үштік шиыршық» қағидаттары негізінде ҚАТЗУ-ды халықаралық деңгейдегі зерттеу агротехнологиялық хабына толықтай трансформациялау.
ББ мен кадрларға әсері	Теориялық бағдарламаларды консервациялау. ПОҚ қартаюына байланысты кадр тапшылығының күшеюі. Бітірушілердің бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі.	Икемді траекториялар (Major/Minor), IT және биотехнологиялар тоғысындағы ББ. ҒЗТҚЖ-ны қаржыландырудың артуы есебінен жас ғалымдардың келуі.
Ғылымға әсері	Ғылым гранттарды игеру және жалпы есептер беру үшін ғана жұмыс істейді. Коммерцияландырудың төмен деңгейі. Әлемдік қоғамдастықтан оқшаулану.	Форсайттар жүргізу. Бизнесінің сұраныстарына орай мега-жобаларды іске қосу. ҒҒТҚН коммерцияландырудан түсетін кірістің жоо бюджетінің 40 %-ына дейін өсуі.
Университет үшін тәуекелдер	Зерттеу университеті мәртебесінен айырылу, өңірлік білім беретін жоо санатына көшу, дарынды жастардың тұрақтамауы.	Басқарушылық шешімдер қабылдау жылдамдығына қойылатын жоғары талаптар, еншілес ҒӨО-лардың қаржылық тиімділігін қатаң бақылау қажеттігі.

Жаңа формациядағы бітіруші портреті және «Social GPA» тұжырымдамасы. Қазіргі еңбек нарығы терең сарапшылар мен икемді зерттеушілер рөлдерін ұштастыра білетін жаңа типтегі мамандарға қатаң талапты қалыптастыруда. ҚАТЗУ бітірушісінің портреті құзыреттердің төрт базистік блогын қамтиды:

сараптамалық-талдау білімі: АӨК-тегі процестерге жоғары деңгейлі ғылыми, технологиялық және экономикалық сараптама жүргізу қабілеті;

практикаға бағдарланған инновациялылық: коммерцияландыру құралдарын меңгеру, стартапты өрістету немесе ғылыми гипотезаны жұмыс істеп тұрған өндірістік технологияға трансформациялау қабілеті;

зерттеушілік рефлексия: дамыған сыни ойлау, үздіксіз білім алуға (Lifelong Learning) және өзгеріп отыратын макроэкологиялық әрі экономикалық жағдайларға бейімделуге дайындық;

мәдени-гуманитарлық синергия: ғылыми-техникалық жетістіктерге әлеуметтік, экологиялық және этикалық контекстер тұрғысынан қарау дағдысы,

экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық жауапкершілік қағидаттарын түсіну (Environmental, Social, Governance) (бұдан әрі – ESG).

Инновациялық маркер: «Social GPA»-ді енгізу. Зерттеу университетінің табысты білім алушысы тек академиялық көшбасшы ғана емес, сонымен бірге ол қоғамның жауапты азаматы. Білім алушылардың адами әлеуетін кешенді түрде бағалау үшін ҚАТЗУ-да классикалық академиялық GPA-мен қатар Social GPA (әлеуметтік жеке рейтинг) метрикасы енгізілуде.

Бұл көрсеткіш жоо-ның цифрлық экожүйесі арқылы автоматты түрде есептеледі және білім алушының:

волонтерлік және қайырымдылық қызметіндегі («Көмек» ұйымының желісі);

қоғамдық өзін-өзі басқарудағы және жобалық менеджменттегі (студенттік парламент, жастар ісі жөніндегі комитет);

жоо-ның спорттық, мәдени және шығармашылық индустрияларындағы жетістіктерін біріктіреді.

Академиялық, ғылыми және әлеуметтік GPA-ді интеграциялау әлеуметтік жауапкершілігі жоғары, Қазақстанның ауылдық аумақтарын жаңғыртудың көшбасшылары болуға дайын бітірушілерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

4-бөлім. Бағдарламаның пайымы, миссиясы және құндылықтары

ҚАТЗУ миссиясы – отандық АӨК-тің орнықты дамуы мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін озық ғылымды, білім мен өндірісті интеграциялау негізінде АӨК үшін жаңа буын көшбасшылары мен зияткерлік капиталды қалыптастыру.

Мақсаты – ҚАТЗУ-да әлемдік және өңірлік контекстке интеграцияланған заманауи академиялық және зерттеу экожүйесін қалыптастыру.

ҚАТЗУ дамуының негізгі құрамдас бөліктері ғылыми-зерттеу қызметіне және жаңа білім жасауға негізделген академиялық жүйе; қолжетімді, сапалы білім беру және «өмір бойы білім алу» (Lifelong Learning) тұжырымдамасын іске асыру; қоғам мен экономикаға ықпалды барынша арттыру болып табылады.

Пайымы: ұлттық агротехникалық зерттеу университеті – аграрлық секторды жаңғырту мен орнықты дамытудың технологиялық негізін қалыптастыратын, халықаралық деңгейде танылған ғылыми-білім беру хабы.

ҚАТЗУ миссиясында жоғарыда аталған құрамдас бөліктердің ұштасуы оған өңірдің әлеуметтік прогресі мен экономикалық дамуын қамтамасыз ететін өңірлік хабқа айналуға мүмкіндік береді.

ҚАТЗУ құндылықтары:

академиялық адалдық пен ашықтық;

ғылымның, білімнің және агробизнестің синергиясы;

әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік;

инновациялылық және өзгерістерге ашықтық.

ҚАТЗУ-дың стратегиялық миссиясын көрсететін қағидаттар: өзінің мәдени, әлеуметтік-экономикалық және физикалық ортасына белсенді түрде ден қою; қоғамдық трансформацияның факторы ретінде әрекет ету; академиялық

кәсіпорын және зияткерлік кәсіпкерлік мәдениетін дәріптеу; инновациялық және практикаға бағдарланған зерттеулер жүргізу; назарды жеке тұлғаға және мәдени тұрғыдан әртүрлі ортаға шоғырландыру; зияткерлік синтезге (транспәнділік) қол жеткізу мақсатында пәндік шектеулерді еңсеру; университетті өзінің әлеуметтік ортасына кіріктіру, сол арқылы оның әлеуметтік құрамдас бөлігінің дамуына тікелей ықпал ету; жаһандық байланыстарды кеңейту.

Миссияға қол жеткізудің негізгі шарттары:

- 1) орналасқан жері: ҚАТЗУ өзінің мәдени, әлеуметтік-экономикалық және физикалық ортасының – нысаналы өңірдің ерекшеліктерін қамтитын болады;
- 2) трансформация: ҚАТЗУ қоғамның қажеттіліктері негізінде әлеуметтік өзгерістердің катализаторы болады;
- 3) кәсіпкерлік: ҚАТЗУ білім нәтижелерін қолданып, нысаналы өңірдегі инновацияларды ынталандырады;
- 4) мақсатты бағытталған зерттеулер: ҚАТЗУ зерттеулері практикалық міндеттерді шешіп, нысаналы өңірде айтарлықтай әсер береді;
- 5) білім алушылардың табыстылығы: ҚАТЗУ білім алушылардың әрқайсысының (оның ішінде магистранттар, докторанттар) табысты болуына мүдделі болады;
- 6) транспәнділік: ҚАТЗУ пәндік шекараларды еңсеру арқылы жаңа білімдер жасайды;
- 7) әлеуметтік қатысушылық: ҚАТЗУ өзара тиімді әріптестік негізінде жергілікті қоғамдастықтармен байланысқан;
- 8) жаһандылық: ҚАТЗУ жергілікті, ұлттық және халықаралық мәселелерді қамти отырып, ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2030 жылға дейін ҚАТЗУ өз дамуын академиялық, қаржылық және институционалдық дербестігі, жоғары білім беру стандарттары, елеулі ғылыми нәтижелері бар және Қазақстан Республикасының АӨК-не танылатын ықпалды жоғары деңгейдегі зерттеу университеті ретінде көреді.

Ұлттық деңгейде ҚАТЗУ АӨК саласындағы халықаралық деңгейдегі жетекші зерттеу университеті, Солтүстік және Орталық Қазақстанның АӨК негізгі салаларындағы академиялық және ғылыми құзыреттің жетекші орталығы, қарқынды дамып келе жатқан және әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіне интеграцияланған аграрлық бейіндегі университет ретінде позицияланатын болады.

Халықаралық деңгейде ҚАТЗУ қолжетімді білім беруді қамтамасыз ететін, кадрлар даярлаудың ең жоғары академиялық стандарттарын, озық білімді интеграциялай отырып, ғылыми зерттеулер жүргізуді және қоршаған әлеуметтік, мәдени және экологиялық орта алдындағы жауапкершілікті ұштастыратын Орталық Азияның АӨК саласындағы жетекші ғылыми-білім беру хабы, ауыл шаруашылығы өндірісінің орнықты мәселелері бойынша жетекші құзырет орталығы ретінде танылатын болады.

ҚАТЗУ-дың стратегиясы мыналар: жоғары деңгейдегі пәнаралық ғылыми зерттеулер және оларға ПОҚ-ты, білім алушыларды және басқа да пайда алушыларды белсенді тарту; меншікті ғылыми нәтижелер мен озық шетелдік ғылыми жетістіктерге негізделген бірегей білім беру бағдарламалары; білім

алушыларға оқыту деңгейін, мазмұнын, нысаны мен мерзімін таңдау үшін кең мүмкіндіктер беру; ПОҚ-қа кәсіби даму үшін, соның ішінде ғылыми-зерттеу қызметін (1) оқытушылықпен, (2) ғылыми нәтижелерді ілгерілету қызметімен және (3) технологиялық платформалар базасындағы жұмыспен ұштастыру жолымен кең мүмкіндіктер беру арқылы ғылыми зерттеулердің, мамандар мен ғылыми-педагогикалық кадрларды озық даярлаудың, ғылыми нәтижелерді экономиканың нақты саласына берудің әлемдегі үздік модельдерге сәйкес келетін жүйесін құру болып табылады.

5-бөлім. «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының стратегиялық басымдықтары

ҚАТЗУ-дың қоғамды дамытуға қосатын үлесі көпқырлы және әртүрлі салаларды қамтиды:

5.1-кіші бөлім. Академиялық қызмет

Университеттің академиялық саясаты бітірушінің нарықтық құнын арттыруға бағытталған біртұтас экожүйе ретінде қалыптасады. Бітірушілерді сапалы таңдау осы процестің іргетасы болып табылады, бұл бірінші курс білім алушыларының ҰБТ орташа балын жоспарлы түрде арттыру арқылы көрініс табады. Кәсіптік бағдарлауды цифрландыру және бейіндік олимпиадаларды өткізу арқасында университет неғұрлым икемді білім алушыларды тартады, бұл білім алуға және одан әрі қарай кәсіби өсуге әлеуеті жоғары кадрларды дайындау үшін база құрады.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету ESG жүйесінің (сапаны қамтамасыз ету жүйесіне тартудың еуропалық стандарттары) жұмыс істеуі арқылы іске асырылады, ол білім алушылардың оқыту сапасы мен академиялық сервистерге қанағаттанушылығы деңгейіне тікелей әсер етеді. Халықаралық стандарттарды енгізу, SMART-инфрақұрылымды дамыту және тиімді кері байланыс орнату білім алушыларға озық білімді жайлы ортада меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл шаралар халықаралық аккредиттеумен қатар, «Атамекен» ҰКП және АРТА рейтингтерінің ТОП-3 қатарына кіретін ББ санының артуына ықпал етеді. Мониторингтің ашықтығын қамтамасыз ету және деректермен айла-шарғы жасау тәуекелдерін болдырмау үшін ББ позициялары бойынша индикаторларды есептеу «Атамекен» ҰКП тізілімінің ресми деректері мен АРТА-ның верификацияланған есептері негізінде жүргізіледі. Есептеу әдістемесі жоо-ның аталған сыртқы бағалау жүйелеріндегі позицияларын жыл сайынғы статистикалық талдауға негізделген. Рейтингтердегі көшбасшылық позициялар оқу жоспарларының өзектілігін және сарапшылар қауымдастығы тарапынан берілген жоғары бағалауды растайды, бұл жұмыс берушілер үшін бітірушілерге бастапқы айлықақы тағайындау кезінде маңызды белгі болып табылады.

Бітірушілер кірістері артуының негізгі факторы дуальды оқытумен және ішкі ұтқырлықпен қамту арқылы оқытудың практикалық бағыттылығын күшейту болып табылады. Өндіріспен тығыз интеграция ғылыми әзірлемелерді сәтті коммерцияландырған мамандарды қоса алғанда, жұмыс берушілер

арасынан ПОҚ тарту есебінен қолдау табады. Практик мамандардың білім беру процесіне қатысуы «Жаңа кәсіптер атласы» негізінде инновациялық бағдарламаларды енгізуге, STEM мен кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл бітірушінің тек теориялық базаны ғана емес, сонымен қатар экономиканың нақты саласында сұранысқа ие қолданбалы құзыреттерді де меңгеретініне кепілдік береді.

Coursera-мен және Huawei ICT Academy-мен серіктестікті қоса алғанда, формалды емес білім беруді дамыту, сондай-ақ «Күміс университет» бағдарламаларын іске асыру академиялық қызметтен түсетін кіріс көлемін арттыруға ықпал етеді. Бұл жоо-на ғылыми-әдістемелік базаны жаңартуға және оқытудың жаңа формаларын енгізуге инвестиция салуға мүмкіндік береді. Даярлықтың жоғары сапасы қорытынды көрсеткішпен – жұмыс берушілердің қанағаттанушылығымен расталады, бұл университет кадрларына деген орнықты сұранысты қалыптастырады.

Академиялық сапаның, дуальды оқытудың және мансапты қолдаудың цифрлық сервистерінің синергиясы негізгі түпкілікті нәтижеге – жұмыс берушілер қанағаттанушылығының жоғары деңгейіне және бітірушілердің ҚАТЗУ-ды бітіргеннен кейінгі бірінші жылдағы медианалық жалақысының тұрақты өсуіне қол жеткізуді қамтамасыз етеді, бұл Бағдарламаның нысаналы индикаторларына толық сәйкес келеді.

5.2-кіші бөлім. Ғылыми қызмет

Университеттің ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін нарықтық өнімдерге трансформациялау жоо-ның басым міндеттері болып табылады. Ғылыми жобалар, бағдарламалар және шаруашылық шарттық жұмыстар аясында зерттеулермен айналысатын ПОҚ санын жүйелі түрде арттыру бұл қызметтің негізі болып табылады. Оқытушылардың кең ауқымын нақты ғылыми қызметке тарту заманауи ғылыми мектептерді қалыптастыруға және жүргізілетін зерттеулердің қолданбалы маңыздылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Университеттің ғылыми қызметін халықаралық деңгейде тану ҚАТЗУ қызметкерлерінің жоғары рейтингті Q1, Q2 немесе процентилі 50-ден жоғары басылымдардағы жарияланымдары санының артуы арқылы қамтамасыз етіледі. Университет жарияланым белсенділігін ынталандыру шараларын жетілдіріп, ғалымдарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Ғылыми қызметтің сапалық аспектісі бір жарияланымға келетін дәйексөздердің орташа саны арқылы бақыланады (Scopus және Web of Science деректері бойынша). Дәйексөз алудың жоғары болуы университет ғалымдары зерттеулерінің әлемдік ғылыми қауымдастық үшін өзектілігі мен құндылығын растайды.

Ғылыми жетістіктерді құқықтық қорғауды қамтамасыз ету университеттің штаттық қызметкерлерінің зияткерлік меншік объектілері жалпы санының өсуі арқылы іске асырылады. Патенттер мен авторлық куәліктер алдағы уақытта коммерцияландырудың негізі болып табылады. Инновациялық инфрақұрылымды дамыту және жастар кәсіпкерлігін қолдау шеңберінде ғылымды көп қажет ететін бизнесті құру ынталандырылады. Бұл бағыт

нарықтық өміршендігі мен кең ауқымда қолдануға болатындығына баса назар аударып, университет білім алушылары мен ғалымдары құрған ҒҒТҚН базасындағы стартап-компаниялардың санын арттыруды қамтиды. Стартаптар зертхана мен нақты нарық арасындағы негізгі көпірге айналуға.

ҚАТЗУ ғылыми саласының экономикалық орнықтылығы ресми коммерцияландыру шарттарымен бекітілген, коммерцияландырылатын ҒҒТҚН санының үдемелі өсуі есебінен қамтамасыз етіледі. Университеттік ғылымды қолдау, инновациялық инфрақұрылымды дамыту және зияткерлік меншік объектілерін қорғау бойынша шаралардың синергиясы 2030 жылға қарай жоспарланған барлық стратегиялық индикаторларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бұл ҚАТЗУ-ға ғылыми білімді елдің агроөнеркәсіптік кешеніне арналған нақты технологияларға тиімді трансформациялауға мүмкіндік береді.

5.3-кіші бөлім. Цифрлық трансформация және жаһандық академиялық серіктестік

Университеттің жаһандық білім беру кеңістігіндегі позицияларын нығайту дамудың стратегиялық векторы болып табылады. Осы бағыттағы табыстың басты өлшемі – 2030 жылға қарай QS World University Rankings (WUR) нұсқасы бойынша әлемнің үздік 500 жоо-ның қатарына кіру. Бұл мақсатқа жету жолы терең цифрлық трансформация мен халықаралық стратегиялық серіктестіктер желісін кеңейтуді қажет етеді. Аталған индикаторды мониторингтеу әдістемесі қатаң регламенттелген және университеттің жаһандық талдамалық жүйелердегі верификацияланған профильдеріне ғана негізделеді. Деректердің ресми көздері мен талдау стандарты Quasquarelli Symonds (QS) халықаралық рейтингтік агенттігінің ресми деректері мен әдістемелік стандарттары болып табылады. Позициялардың кез келген өзгерістері агенттіктің жыл сайынғы жариялы релиздері негізінде тіркеледі, бұл стратегиялық мақсатқа қол жеткізу мониторингінің объективтілігіне, ашықтығына және верификациялауға болатындығына кепілдік береді.

«SMART-университет» тұжырымдамасы шеңберінде ҚАТЗУ-дың цифрлық жетілу деңгейін арттыруға басымдықты көңіл бөлінеді. Заманауи технологияларды енгізу білім беру процесі мен әкімшілік басқаруға ЖИ-агенттер мен ЖИ-ассистенттер интеграциялауды қамтиды, бұл академиялық сервистерді оңтайландыруға және басқарушылық шешімдер қабылдау жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді. Институционалдық менеджменттің жоғары сапасы университеттің ҚР ҒЖБМ Тәуекелдерді басқару жүйесінің «жасыл аймағында» (тәуекелі барынша аз аймақта) тұрақты болуын қамтамасыз етеді.

Интернационалдандыру процесі ашық және жаһандық бағдарланған академиялық орта құруға бағытталған. Университет халықаралық ұтқырлық бағдарламаларына, шетелдік серіктес жоо-мен қос дипломды білім беру бағдарламаларына (ҚДБ) және бірлескен білім беру бағдарламаларына (БББ) тартылған білім алушылар мен қызметкерлер санын айтарлықтай арттыруды жоспарлап отыр. Шетелдік білім алушылар мен ғалымдарды тарту озық тәжірибе алмасуға және жоо-ның мәдени-білім беру ландшафтын байытуға ықпал етеді.

Нәтижесінде QS by Subject пәндік рейтингіне кіретін білім беру бағдарламалары санының жыл сайынғы өсуі күтілуде, бұл нақты білім салаларындағы дайындықтың жоғары сапасын растайды.

Рейтингтегі табыстың маңызды құрамдас бөлігі QS WUR рейтингіндегі академиялық бедел мен жұмыс берушілер арасындағы беделді жоспарлы түрде арттыру болып табылады. Бұған әлемдік ғылыми қауымдастықпен және жаһандық компаниялармен өзара іс-қимылды кеңейту арқылы қол жеткізуге болады. Жоо-ны халықаралық танудың өсуі халықаралық әріптестер есебінен тартылған қаржыландыру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді, бұл озық ғылыми-техникалық базаны дамытуға бағытталатын болады.

Қорыта айтқанда, цифрлық бастамаларды іске асыру және жаһандық серіктестікті дамыту ҚАТЗУ-ға QS рейтингінде «Топ-500» нысаналы көрсеткішіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл жоо-ның инновациялық болашақ үшін білім мен кадрларды генерациялауға қабілетті халықаралық деңгейдегі жетекші зерттеу орталығы ретіндегі мәртебесін бекемдейді.

5.4-кіші бөлім. «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының үшінші миссиясы

1. Ортаны цифрландыру және сервистік модельді дамыту.

Университеттің стратегиялық басымдығы білім алушылар мен қызметкерлер үшін барынша қолайлы, бюрократиядан азат орта қалыптастыру болып табылады. Сервистерге және бюрократиядан арылтуға қанағаттанушылық деңгейін арттыру мақсатында «Цифрлық университет» тұжырымдамасы шеңберінде барлық әкімшілік процестер автоматтандырылатын болады. Қағаз құжат айналымын барынша азайту және әкімшілік рәсімдерді оңтайландыру мақсатында анықтамалар алу, өтініштер беру және академиялық мәселелерді шешу мобильді қосымшалар мен бірыңғай қызмет көрсету орталықтары (БҚКО) форматына көшіріледі. Бұл шешімдер қабылдау уақытын айтарлықтай қысқартуға және университет ресурстарын тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Білім алушылар мен жұмыскерлердің сервистер сапасына және бюрократиядан арылту процестеріне қанағаттанушылық деңгейін мониторингтеу университеттің алқалы басқару органы бекіткен, верификацияланған әлеуметтанулық әдістер негізінде тұрақты негізде жүзеге асырылады.

2. Инфрақұрылымды жаңғырту және тұрмыстық жағдайды жақсарту.

Білім алушылар жайлылығының түйінді көрсеткіші олардың тұрғынжаймен қамтамасыз етілуі болып табылады. Университет белгіленген нормативтерге сәйкес ҚАТЗУ студенттік жатақханаларының қорын жоспарлы түрде қамтамасыз етуді және кеңейтуді көздейді. Жаңа объектілерді салумен қатар, жұмыс істеп тұрған жатақханаларды жоспарлы түрде жаңғырту, оларды заманауи жиһазбен, жоғары жылдамдықты интернетпен және демалыс аймақтарымен жарақтандыру жүргізілетін болады. Бұл білім алушылардың сабақтан тыс қызметі мен табысты әлеуметтік бейімделуі үшін сапалы жағдайлар жасайды.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың тұжырымдамасына сәйкес университетте инклюзивті білім беру ортасын кешенді түрде дамыту қамтамасыз етіледі. Сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған кедергісіз инфрақұрылым (пандустар, лифтілер, тактильді жолдар) құру, қашықтан оқыту платформалары мен цифрлық контентті бейімдеу, сондай-ақ ПОҚ-тың инклюзивті құзыреттілігін арттыру курстарын өткізу жоспарланып отыр.

3. Әлеуметтік жауапкершілік және инвестициялар тарту.

Университет әлеуметтік бағдарланған саясатты ұстанады. Білім алушылар мен жұмыскерлерге әлеуметтік көмек көрсетуге жұмсалатын шығыстардың үлесі жыл сайын оңтайландырылатын болады. Бұдан басқа, бюджеттен тыс қаражат есебінен әлеуметтік жобаларды дамыту мақсатында фандрайзингтік қызмет, демеушілік және меценаттық қолдау шеңберінде тартылатын бюджеттен тыс қаражаттың көлемі арттырылады. Бұл қаражат дарынды білім алушыларға арналған атаулы стипендияларға, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарынан шыққан жастарды қолдауға және ПОҚ-тың әлеуметтік пакетін жақсартуға бағытталады.

4. Қауіпсіздік мәдениеті және «Заң мен тәртіп» бастамасы.

Қауіпсіз университеттік орта қалыптастыру «Заң мен тәртіп» қағидатына негізделеді. Бұл бағытта университет деңгейінде, сол сияқты институттар деңгейінде құқық бұзушылықтың профилактикасы бойынша іс-шаралар саны жүйелі түрде ұлғайтылады. Тәрбие жұмысы білім алушылар мен жұмыскерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, құқықтық сауаттылықты арттыруға және академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға бағытталады.

5. Психологиялық қолдау және психикалық денсаулық.

Жастардың психологиялық тұрақтылығы олардың табысты әлеуметтенуінің кепілі. Психологиялық қызмет орталығы білім алушыларға қиын өмірлік жағдайларда қолдау көрсетіп қана қоймай, тұлғалық даму тренингтерін және күйзеліске төзімділік семинарларын өткізетін болады. Бұл білім алушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, эмоционалдық күйзелістердің алдын алады.

6. Азаматтық белсенділік және волонтерлік қозғалыс.

Университет патриоттық рухы жоғары азаматтарды тәрбиелеуді мақсат етеді. Ұйымдасқан қоғамдық қызметке (волонтерлік, студенттік өзін-өзі басқару, дебаттық қозғалыс) тартылған білім алушылардың үлесін арттыру арқылы жастардың әлеуметтік жауапкершілігі нығаяды. Волонтерлік жобалар мен қоғамдық бастамалар білім алушылардың бойында жанашырлық, көшбасшылық және командада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

7. Дарынды жастарды қолдау және жетістіктерді ынталандыру.

Университет өз білім алушыларының ғылымда, спортта және мәдениетте жеткен жетістіктерін мақтан тұтады. Қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық іс-шаралардың жүлдегер-білім алушылар үлесін арттыру мақсатында арнайы қолдау бағдарламалары іске асырылады. Дарынды білім

алушыларға ғылыми гранттардан бастап жабдықталған спорттық секциялар мен шығармашылық студияларға дейін барлық жағдай жасалады. Бұл университеттің халықаралық аренадағы имиджін нығайтуға мүмкіндік береді.

8. Имидждік саясат және қоғаммен байланыс.

Университеттің беделі сыртқы ортаны қабылдауға тікелей байланысты. Бекітілген нысаналы топтар (жұмыс берушілер, сарапшылар, стейкхолдерлер) тарапынан беделді дереккөздердегі оң пікірлердің саны жоо брендінің орнықтылығын көрсетеді. Имидждік стратегия шеңберінде университет жетістіктері БАҚ-та және әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланады, бұл жоо-ның талапкерлер мен әлеуетті инвесторлар үшін тартымдылығын арттырады.

5.5-кіші бөлім. «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының инфрақұрылымы

1. Инфрақұрылымды жаңғырту және жарғылық капиталды ұлғайту стратегиясы.

Университеттің зерттеу мәртебесін нығайту және білім алушылар мен ғалымдар үшін озық жағдай жасау мақсатында ҚАТЗУ-дың жарғылық капиталын ұлғайту арқылы ауқымды инвестициялық циклға бастама жасалады. Инфрақұрылымдық даму тек құрылыспен шектелмейді, ол университеттің цифрлық, ғылыми және әлеуметтік келбетін толық трансформациялауды көздейді. Бұл бағыттағы басты қадамдардың бірі – цифрлық инфрақұрылымды дамыту үшін жарғылық капиталды ұлғайту. Бұл жоба бүкіл университет бойынша IT-архитектураны жаңартуға, бұлттық технологияларды енгізуге және «SMART-Campus» жүйесін толыққанды іске қосуға негіз болады.

2. Инновациялық ғылыми-өндірістік кластерлерді құру.

АӨК-ті технологиялық жаңғырту үшін университет базасында мамандандырылған орталықтар желісі құрылады, оларда мынадай жобалар іске асырылатын болады:

ветеринариялық клиникалық-диагностикалық орталықты құру: бұл орталық тек білім беру базасы ғана емес, сонымен қатар заманауи ветеринариялық қызмет көрсететін жоғары технологиялық мекемеге айналады;

ауыл шаруашылығы машинасын жасаудағы цифрлық технологиялар мен материалтанудың білім беру және ғылыми-өндірістік орталығын жаңғырту: бұл жоба отандық ауыл шаруашылығы техникасын жобалау мен сынауды жаңа деңгейге шығарады;

«Агроөнеркәсіптік кешендегі жасанды интеллект және геокеңістіктік талдау орталығы» ғылыми-зерттеу зертханасын құру: бұл объект цифрлық егіншілік пен нақты ауыл шаруашылығы технологияларын енгізудің негізгі драйвері болады;

ауыл шаруашылығы жануарлары мен аквашаруашылық объектілерін репродукциялаудың білім беру және ғылыми-өндірістік орталығын құру: бұл мал шаруашылығы мен балық шаруашылығындағы селекциялық-генетикалық зерттеулерді ілгерілетуге мүмкіндік береді.

3. Әлеуметтік объектілер мен тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту.

Білім алушылар мен жас ғалымдардың тұрмыс сапасын арттыру бағдарламаның ажырамас бөлігі болып табылады. Осы бағытта мынадай жобалар іске асырылады:

жатақханалар желісін кеңейту: Ә. Молдағұлова көшесі, 29Б мекенжайындағы ескі № 2Б жатақхананы бұзып, орнына инвесторлар есебінен 1000 орындық жаңа заманауи жатақхана салу жоспарлануда. Сондай-ақ Щучинск қаласындағы Ауыл және орман шаруашылығы институтының кампусында жатақханасы бар оқу корпусының құрылысы жүргізіледі;

ғалымдарды қолдау: жас ғалымдарды тұрғынжаймен қамтамасыз ету мақсатында Керей-Жәнібек хандар көшесі, 14 мекенжайында көппәтерлі тұрғын үй салынады. Бұл шара кадрлық әлеуетті сақтауға және жас таланттарды ғылымға тартуға мүмкіндік береді.

4. Спорттық инфрақұрылым және кампустарды абаттандыру.

Салауатты өмір салтын насихаттау үшін университет аумағында заманауи спорт кешендері салынады:

Интернациональный кентіндегі Жануарлар ғылымы және ветеринария институтының кампусында жаңа спорт кешені бой көтереді;

Потанин көшесі, 16/1 мекенжайындағы қолданыстағы стадион аумағында заманауи талаптарға сай келетін тағы бір спорт кешенінің құрылысы аяқталады.

5. Инженерлік-коммуникациялық қамтамасыз ету.

Кампустардың энергия тиімділігі мен экологиялық қауіпсіздігін арттыру мақсатында Интернациональный кентіндегі (Армандастар көшесі, 2Б) Жануарлар ғылымы және ветеринария институтының кампусын газдандыру бойынша жоба іске асырылатын болады. Бұл объектілерді жылытуға жұмсалатын шығындарды азайтуға және қоршаған ортаға тигізетін әсерді төмендетуге мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту және нысаналы индикаторларға қол жеткізудің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылуын бағалау іс жүзінде пайдалануға берілген объектілерді сандық есепке алу және верификацияланған мәліметтер негізінде жүзеге асырылады. Ақпарат көздері ретінде уәкілетті мемлекеттік органдардың (ҚР ҒЖБМ, ҚР АШМ) ресми актілері, тәуелсіз аудиторлық тексерулердің деректері және жобалау-сметалық құжаттама алынады. Жобалардың орындалуын мониторингтеу университеттің Ішкі аудит қызметіне жүктеліп, есептер ҚАТЗУ-дың ресми веб-сайтында міндетті түрде ашық қолжетімділікте орналастырылады.

6-бөлім. Бағдарламаның қойылған мақсатына қол жеткізу жолдары

ҚАТЗУ-дың ағымдағы қызметін, отандық аграрлық ғылым жүйесінің сын-қатерлерін, сондай-ақ АӨК-ті технологиялық жаңғыртудың озық халықаралық тәжірибесін кешенді талдау негізінде ҚАТЗУ-ды әлемдік деңгейдегі зерттеу аграрлық университетіне трансформациялау мынадай негізгі міндеттерді дәйекті түрде шешуді талап етеді:

1) ҚАТЗУ-ды реформалаудың үздіксіздігі және жоспарланған нәтижелерге

қол жеткізу мақсатында тұрақты, жеткілікті қаржыландыруды ұсыну, атап айтқанда, инфрақұрылымды ауқымды түрде жаңғырту және кеңейту, ғылыми зерттеулерді кеңейту мен тереңдету, білім беру процесінің ұйымдастырылуы мен мазмұнын түбегейлі реформалау, академиялық ұтқырлық, ПОҚ-тың тағылымдамалары, білім тарату және технологияларды коммерцияландыру офистерінің тұрақты жұмысы үшін табыс көздерін (бюджеттік қаржыландыру, нысаналы гранттар, коммерцияландыру мен фандрайзингтен түсетін кірістер) әртараптандыру есебінен қаржылық орнықтылықты қамтамасыз ету;

2) ҚАТЗУ-да жүргізілетін ғылыми зерттеулер, бір жағынан, нысаналы өңірдің АӨК-тегі негізгі технологиялық мәселелерді қамтуға, ал екінші жағынан жаһандық ғылыми-білім беру кеңістігіне терең интеграциялау арқылы озық құзыреттер мен технологиялар трансфертін қамтамасыз ету үшін әлемдік аграрлық ғылымның басымдықтарына сәйкес келуге тиіс (іргелі ғылымдардағы ғылыми құзырет деңгейі, академиялық профиль және ғылыми зерттеулерді басқару жүйесі ғылыми нәтижелердің жоғары сапасын, зерттелетін проблема бойынша пәнаралық және кешенді тәсілдерді қамтамасыз етуге тиіс);

3) академиялық ортаны жаңғырту, оның ішінде:

а) жұмыс берушілердің күтулеріне сәйкес әртүрлі практикалық жағдайларда оңтайлы шешімдерді өз бетінше табудың сұранысқа ие құзыреттері мен дағдыларын дамытуға баса назар аудара отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын және әлемдегі жетекші зерттеу аграрлық университеттердің моделі бойынша білім беру процесін ұйымдастыруды жаңарту;

б) білім алушылардың жан-жақты дамуы мен білім беру бағдарламаларын табысты игеруі үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында оларға арналған көмекші көрсетілетін қызметтер спектрін кеңейту;

в) ғылыми зерттеулерге қатысу, шетел тілдерін тереңдетіп оқыту және оқытудың заманауи әдістерін игеру арқылы ПОҚ дамыту үшін жағдайлар жасау;

4) кадр саясатын реформалау, оның ішінде тұрақты кәсіби дамуды ынталандыратын және жұмыскерлердің әлеуетін толық іске асыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ететін жұмысқа алу мен мансаптық ілгерілету жүйесін құру;

5) ҚАТЗУ-дың ғылыми нәтижелерін енгізу және мемлекеттік емес сектор субъектілерімен бітірушілердің жұмыс берушілерімен және инновацияларды тұтынушылармен өзара іс-қимыл жасау тетіктерін кеңейту (мемлекеттік емес сектордан ресурстарды тартуды күшейтуге және ҚАТЗУ-дың беделін нығайтуға мүмкіндік беретін «demand-driven» (нарық сұраныстарына бағдарланған) моделіне көшу);

6) ҚАТЗУ-дың базалық қажеттіліктері мен қызметінің негізгі бағыттарын қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымды кеңейту, оның ішінде:

а) пәнаралықты, әмбебаптылықты, ҚАТЗУ-дың академиялық бейінінің кеңеюін ескере отырып, қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғырту;

б) білім беру процесіне, ғылыми зерттеулерге және қосалқы көрсетілетін қызметтерге қойылатын жаңа талаптарға сәйкес ПОҚ пен білім алушылар үшін қолайлы жұмыс ортасын қамтамасыз ету мақсатында жетіспейтін

инфрақұрылымды құру, сондай-ақ олардың университет жатақханаларында тұруы;

в) университеттің инфрақұрылымы мен цифрлық білім беру ресурстарын ЕББҚ бар білім алушылардың сұраныстарына бейімдеу, сондай-ақ оқытушылар құрамының инклюзивті педагогика саласындағы кәсіби құзыреттілігін жүйелі арттыру қажеттілігі.

Көрсетілген барлық мәселелерді дәйекті және кешенді түрде шешуге осы Бағдарламаға сәйкес ҚАТЗУ базасында зерттеу аграрлық университетін жоспарлы түрде дамыту арқылы қол жеткізіледі.

7-бөлім. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер сипаттамасы

2030 жылға қарай күтілетін негізгі нәтижелер:

1. Бітірушілердің медианалық жалақысы 199722 теңгеден 279500 теңгеге дейін өседі.

2. Коммерцияландырылған ҒҒТҚН жобаларының жалпы саны 13-тен 16-ға дейін артады.

3. Университеттің QS WUR рейтингіндегі орны 1201-ден 500-орынға дейін көтеріледі (ТОП-500).

4. Білім алушылар мен жұмыскерлердің университеттегі сервистер мен бюрократиядан арылтуға қанағаттанушылық деңгейі 90 %-дан жоғары көрсеткіште сақталады.

5. Бағдарламаны іске асыру кезеңінде пайдалануға берілген инфрақұрылымдық жобалардың саны кемінде 11-ді құрайды.

8-бөлім. Бағдарламаны іске асыру прогресін мониторингтеу және бағалау

ҚАТЗУ-дың 2026 – 2030 жылдарға арналған даму бағдарламасының нысаналы индикаторлары және Даму бағдарламасының нысаналы индикаторларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары 12 және 13-кестелерде келтірілген.

Бағдарламаның іске асырылуын мониторингтеу мен ішкі бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында орындау және бақылау функцияларының аражігі ажыратылған. Ақпаратты жинау мен талдауды университеттің салалық құрылымдық бөлімлері жүзеге асырады, алайда оларды верификациялау мен талдауды Директорлар кеңесіне есеп беретін ішкі аудит қызметі жүргізеді.

1. Мониторингтеу әдіснамасы және деректерді верификациялау: индикаторларға қол жеткізуді есептеу мынадай ресми дереккөздер негізінде жүзеге асырылады:

«Атамекен» ҰКП және АРТА рейтингтерінің нәтижелері;
халықаралық академиялық рейтингтердің нәтижелері;
халықаралық дерекқорлар (Web of Science, Scopus);

ішкі әкімшілік деректер;
 мемлекеттік органдардың (АШМ, ҒЖБМ), бизнес-қоғамдастықтың деректері.

2. Құқықтық салдарлары: мониторинг қорытындылары университет басқармасының, ғылыми кеңесінің және директорлар кеңесінің қарауына олардың құзыреті шегінде шығарылады:

индикаторларға қол жеткізілмеген немесе анық емес ақпаратты ұсыну фактілері анықталған жағдайда ішкі қызметтік тексеруге бастама жасалады (дербес кінәсі белгіленген кезде атқарушы орган ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес тәртіптік жауапкершілік шараларын қолданады);

индикаторлардың орындалу динамикасы төмен болған кезде университеттің алқалы басқару органдарының шешімдері негізінде жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін Бағдарламаға немесе университет бюджетіне қажетті түзетулер енгізу туралы талап шығарылады;

3. Жария есептілік: стейкхолдерлер мен қоғамдастық алдында ашықтықты қамтамасыз ету үшін Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат университеттің ресми веб-сайтында жарияланады.

12-кесте – ҚАТЗУ-дың даму бағдарламасының нысаналы индикаторлары

Р/с №	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңде				
			2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл	2029 жыл	2030 жыл
Стратегиялық 1-мақсат. Академиялық даму мен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлерінде кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету							
1	Бітірушілердің медианалық жалақысы	теңге	199 722	219 500	239 500	259 500	279 500
Стратегиялық 2-мақсат. Ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру, нәтижелерді коммерцияландыру және білімді тарату							
2	Коммерцияландырылған ҒҒТҚН жалпы саны (өспелі қорытындымен)	бірлік	13	14	14	15	16
Стратегиялық 3-мақсат. Цифрлық трансформация және жаһандық академиялық серіктестікті дамыту арқылы университеттің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру							
3	Жоо-ның QS-WUR рейтингіндегі орны (500+)	позиция	1201+	1001+	800+	600+	500+
Стратегиялық 4-мақсат. Жастардың тиімді әлеуметтенуіне, тәрбиесіне және шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетуіне ықпал ететін жайлы және жоғары технологиялық университеттік ортаны қалыптастыру							
4	Білім алушылар мен жұмыскерлердің университеттегі	%	70	72	75	77	80

	сервистерге және бюрократиядан арылтуға қанағаттанушылық деңгейі						
Стратегиялық 5-мақсат. Білім беру мен әлеуметтік саланың заманауи стандарттарына сәйкес келетін нысаналы инфрақұрылымдық объектілерді іске қосу							
5	Пайдалануға берілген инфрақұрылымдық жобалар саны – Бағдарламаны іске асыру кезеңінде кемінде 11 жоба	бірлік	0	+3	+3	+2	+3

13-кесте. ҚАТЗУ-дың 2026 – 2030 жылдарға арналған даму бағдарламасының нысаналы индикаторларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

P/c №	Іс-шаралардың атауы	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңде					Аяқталу нысаны
			2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл	2029 жыл	2030 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Стратегиялық 1-мақсат. Академиялық даму мен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейінде кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету								
Нысаналы 1-индикатор. Бітірушілердің медианалық жалақысы, теңгемен (2026 ж. – 199722, 2027 ж. – 219500, 2028 ж. – 239500, 2029 ж. – 259500, 2030 ж. – 279500)								
1	Университетке оқуға түскен бірінші курс студенттерінің ҰБТ бойынша орташа балы	балл	≥70	≥ 72	≥ 73	≥ 74	≥ 75	шекті балл
2	Білім алушылардың оқыту мен академиялық, оның ішінде инклюзия шеңберіндегі сервистерге қанағаттанушылық деңгейі	%	90	90	90	90	90	сауалнама деректері
3	«Атамекен» ҰКП және АРТА рейтингтерінің ТОП-3 қатарына кірген білім беру бағдарламаларының саны	бірлік	57	58	58	59	60	рейтингтегі орны
4	Білім алушыларды дуальды оқытумен және ішкі ұтқырлықпен қамту	%	> 50	> 55	> 60	> 65	> 70	бұйрықтар
5	Жұмыс берушілер қатарынан тартылған, соның ішінде ғылыми әзірлемелерді коммерцияландырған ПОҚ саны	бірлік	221	225	230	233	235	еңбек шарттары
6	Академиялық қызметтен түсетін кіріс көлемі	млн тг	11 753	12 153	12 553	12 953	13 353	есеп
7	Жұмыс берушілердің мамандарды даярлау сапасына қанағаттанушылық деңгейі	%	> 70	> 75	> 77	> 82	> 85	сауалнама деректері
8	Университетті бітіргеннен кейінгі бірінші жылы білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жұмысқа орналасқан	%	> 83	> 84	> 85	> 85,5	> 86	мониторинг деректері

1	2	3	4	5	6	7	8	9
	бітірушілердің үлесі							
Стратегиялық 2-мақсат. Ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру, нәтижелерді коммерцияландыру және білімді тарату								
Нысаналы 2-индикатор. Коммерцияландырылған ҒҒТҚН жалпы саны (өспелі қорытындымен) (2026 ж. – 13, 2027 ж. – 13, 2028 ж. – 14, 2029 ж. – 15, 2030 ж. – 16)								
1	Ғылыми жобалар мен бағдарламалар, шаруашылық шарттық жұмыстар шеңберінде зерттеулермен айналысатын ПОҚ саны	адам	240	245	250	255	260	есеп
2	ҚАТЗУ жұмыскерлерінің жоғары рейтингті Q1, Q2 немесе процентиі 50-ден жоғары басылымдардағы жарияланымдарының саны	бірлік	100	105	110	115	120	Scopus және Web of Science деректері
3	Бір жарияланымға шаққандағы дәйексөз алудың орташа саны (Scopus және Web of Science деректері бойынша)	бірлік	4,9	5,0	5,0	5,1	5,1	Scopus және Web of Science деректері
4	Университеттің штаттық қызметкерлерінің зияткерлік меншік объектілерінің (ЗМО) жалпы саны	бірлік	57	60	65	70	75	ҰЗМИ (Қазпатент) деректері
5	Білім алушылар құрған, сату көлемі 100 мың теңгеден асатын стартап-компаниялар саны	бірлік	0	1	2	3	4	есеп
6	Ғалымдар құрған, сату көлемі 1 млн теңгеден асатын ҒҒТҚН-ге негізделген стартап-компаниялардың саны	бірлік	4	5	6	6	7	есеп
7	ҒҒТҚН-ді коммерцияландырудан түсетін кіріс көлемі (ЗМО-дан, стартап-компаниялардан, коммерцияландыру	млн тг	102	104	106	108	110	есеп

1	2	3	4	5	6	7	8	9
	жобаларынан, шаруашылық шарттардан және т.б. түсетін кірістер)							
8	Ғылыми қызметтен түсетін кіріс көлемі	млн тг	4800	4800	4900	4900	5000	есеп
Стратегиялық 3-мақсат. Цифрлық трансформация және жаһандық академиялық серіктестікті дамыту арқылы университеттің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру								
Нысаналы 3-индикатор. Жоо-ның QS-WUR рейтингіндегі орны (500+) (2026 ж. – 1201+, 2027 ж. – 1001+, 2028 ж. – 800+, 2029 ж. – 600+, 2030 ж. – 500+)								
1	Университеттің цифрлық кемелдік деңгейі	%	42	56	67	88	100	цифрлық кемелдік деңгейі
2	«SMART-университетті» дамыту мақсатындағы ЖИ-агенттер мен ЖИ-ассистенттердің саны	бірлік	10	20	30	40	50	есеп
3	ҚР ҒЖБМ тәуекелдерді басқару жүйесінің (ТБЖ) көрсеткіштерін «жасыл аймақта» ұстау	%	→100	→100	→100	→100	→100	ТБЖ бойынша есеп
4	Интернационалдандыру бағдарламаларына тартылған, оның ішінде шетелдік серіктес жоо-дағы қос дипломды бағдарламалар мен бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың және шетелдік білім алушылардың саны	адам	750	1050	1330	1610	1920	есеп
5	Интернационалдандыру бағдарламаларына тартылған, оның ішінде шетелдік серіктес жоо-дағы қос дипломды бағдарламалар мен бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша қызметкерлердің саны	адам	137	163	195	211	230	есеп
6	QS by Subject рейтингіне кірген білім беру	бірлік	-	1	2	3	3	QS by Subject

1	2	3	4	5	6	7	8	9
	бағдарламаларының саны (өспелі қорытындымен)							деректері
7	QS WUR рейтингінде академиялық беделді және жұмыс берушілер арасындағы беделді арттыру	позиция	800	750	700	600	500	QS WUR деректері
8	Халықаралық серіктестер есебінен тартылған қаржыландыру көлемі	млн тг	15	18	20	24	26	есеп
Стратегиялық 4-мақсат. Жастардың тиімді әлеуметтенуіне, тәрбиесіне және шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетуіне ықпал ететін жайлы және жоғары технологиялық университеттік ортаны қалыптастыру.								
Нысаналы 4-индикатор. Білім алушылар мен жұмыскерлердің университеттегі сервистерге және бюрократиядан арылтуға қанағаттанушылық деңгейі (2026 ж. – 70 %; 2027 ж. – 72 %; 2028 ж. – 75 %; 2029 ж. – 77 %; 2030 ж. – 80 %)								
1	Студенттік жатақханалардағы (меншікті және жалға алынған), оның ішінде ЕБҚ бар білім алушыларға арналған орындар саны	бірлік	3532	4532	4532	4532	4532	есеп
2	«Заң мен тәртіп» бастамасы аясында білім алушылар мен жұмыскерлер арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы жөніндегі іс-шаралар саны	бірлік	200	200	200	200	200	есеп
2.1	Университет деңгейінде	бірлік	60	60	60	60	60	есеп
2.2	Институт деңгейінде	бірлік	140	140	140	140	140	есеп
3	Қажетті әлеуметтік-психологиялық консультация пен көмек, оның ішінде инклюзия бойынша алған білім алушылар саны	адам	300	320	340	360	380	есеп
4	Білім алушылар мен жұмыскерлерге әлеуметтік көмек көрсетуге жұмсалатын шығыстардың үлесі	%	0,4	0,4	0,4	0,4	0,4	есеп

1	2	3	4	5	6	7	8	9
5	Сыртқы инвесторлардан тартылған әлеуметтік инвестициялар көлемі (fund-raising)	млн тг	3,0	3,5	4,0	4,5	5,0	есеп
6	Азаматтылық пен патриотизм деңгейін арттыру мақсатында ұйымдасқан қоғамдық қызметке, оның ішінде волонтерлік, студенттік өзін-өзі басқару және дебат қозғалысы арқылы тартылған білім алушылардың үлесі	%	29	29,5	30	30,5	31	есеп
7	Қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық білім беру, ғылыми, спорттық және мәдени іс-шаралардың жүлдегері атанған білім алушылардың үлесі	%	1,2	1,25	1,3	1,4	1,5	есеп
8	Бекітілген нысаналы топтардан (жұмыс берушілер, сарапшылар, мүдделі тұлғалар) алынған оң ақпараттық реакциялар саны	бірлік	230	280	330	380	450	есеп
Стратегиялық 5-мақсат. Білім беру мен әлеуметтік саланың заманауи стандарттарына сәйкес келетін нысаналы инфрақұрылымдық объектілерді іске қосу								
Нысаналы 5-индикатор. Пайдалануға берілген инфрақұрылымдық жобалар саны – Бағдарламаны іске асыру кезеңінде кемінде 11 жоба (2026 ж. – 0 бірлік, 2027 ж. – +3 б., 2028 ж. – +3 бірлік, 2029 ж. – +2 бірлік, 2030 ж. – +3 бірлік)								
1	Әлия Молдағұлова көшесі, 29 Б мекенжайындағы № 2 б жатақхананы бұзу және инвесторлар есебінен 1000 орындық жаңа жатақхана салу мақсатында ҚАТЗУ-дың жарғылық капиталын ұлғайту	млн тг (республикалық бюджет (бұдан әрі – РБ) есебінен)		2 737	1 907	1 687	1435	есеп
2	Цифрлық инфрақұрылымды дамыту мақсатында ҚАТЗУ-дың жарғылық	млн тг (РБ есебінен)	-	-	868	671	673	есеп

1	2	3	4	5	6	7	8	9
	капиталын ұлғайту							
3	«Ветеринариялық клиникалық-диагностикалық орталық құру» жобасын іске асыру мақсатында зертханалық жабдық сатып алу үшін ҚАТЗУ-дың жарғылық капиталын ұлғайту	млн тг (РБ есебінен)	0	3 200	0	0	0	есеп
4	«Ауыл шаруашылығы машинасын жасаудағы цифрлық технологиялар мен материалтану» білім беру және ғылыми-өндірістік орталығын жаңғырту» жобасын іске асыру мақсатында зертханалық жабдық сатып алу үшін ҚАТЗУ-дың жарғылық капиталын ұлғайту	млн тг (РБ есебінен)	0	3 405	0	0	0	есеп
5	«Агроөнеркәсіптік кешендегі жасанды интеллект және геокеңістіктік талдау орталығы» жобасын іске асыру мақсатында жабдық сатып алу үшін ҚАТЗУ-дың жарғылық капиталын ұлғайту	млн тг (РБ есебінен)	0	0	800	0	0	есеп
6	«Ауыл шаруашылығы жануарлары мен аквашаруашылық объектілерін репродукциялаудың білім беру және ғылыми-өндірістік орталығын құру» жобасын іске асыру мақсатында зертханалық жабдық сатып алу үшін ҚАТЗУ-дың жарғылық капиталын ұлғайту	млн тг (РБ есебінен)	0	0	1 233,5	0	0	есеп
7	Щучинск қаласындағы Ауыл және орман шаруашылығы институтының кампусында жатақханасы бар оқу корпусын салу	млн тг (РБ есебінен)	-	-	-	1 500	-	есеп

1	2	3	4	5	6	7	8	9
	мақсатында ҚАТЗУ-дың жарғылық капиталын ұлғайту							
8	Интернациональный кенті, Армандастар көшесі, 2 / 2 мекенжайындағы Жануарлар туралы ғылым және ветеринария институтының кампусында спорт кешенін салу	объект	-	1	-	-	-	есеп
9	Керей-Жәнібек хандар көшесі, 14 мекенжайында жас ғалымдарға арналған көппәтерлі тұрғын үй салу	объект	-	-	1	-	-	есеп
10	Интернациональный кентіндегі, Армандастар көшесі, 2 Б мекенжайындағы Жануарлар туралы ғылым және ветеринария институтының кампусын газдандыру	объект	-	-	1	-	-	есеп
11	Потанин көшесі, 16 / 1 мекенжайындағы жұмыс істеп тұрған стадион аумағында спорт кешенін салу	объект	-	-	-	-	1	есеп